# Сыр бойы

№125-126
(20399-20400)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

20 тамыз, сенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/ www.instagram.com/syrboyi_kz https://twitter.com/syrboyi t.me/syrboyi_kz



3 Адам өмірінің құны қайда?

5 Белдескеннің белін қайыстырған балуан

6 Жұмақ арал

8 Жасанды сұлулық жан азабына айналмасын




# ҚАЗАҚСТАН-РЕСЕЙ: ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЯ БЕРЕДІ

**Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жұмыс сапарымен Ресейдің Сочи қаласына барды. Екі ел Президенттері келіссөз жүргізді.**

Кездесуде мемлекеттер басшылары Қазақстан-Ресей стратегиялық әріптестігінің өзекті мәселелерін жан-жақты талқылады. Сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты нығайтуға ерекше назар аударылды. Атап айтқанда, өнеркәсіп, энергетика, мұнай-химия және басқа да салаларда бірлескен жобаларды жүзеге асыру мәселелері қарастырылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев екіжақты қарым-қатынастардың қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті.

– Шын мәнінде, Қазақстан мен Ресей арасында стратегиялық серіктестік негізіндегі қарым-қатынас орнаған. Биыл біз дипломатиялық қарым-қатынас орнатудың өте маңызды датасын атап өтіп жатырмыз. Осыдан 30 жыл бұрын Достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы шартқа қол қойылды. 2013 жылы осы Шарт елдеріміз арасындағы одақтастық қатынастар туралы сіз қол қойған жаңа құжатпен толықтырылды. Сондықтан қалыптасқан негіз өте жақсы, – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев сауда-экономикалық ынтымақтастық табысты дамып келе жатқанына тоқталып, өнеркәсіп кооперациясы біздің көңіліміздей шығатындай елеулі нәтижелерге жеткенін атап өтті. Мемлекет басшысының айтуынша, сауда динамикасы дұрыс жағынан дамып жатыр. Былтыр сауда көлемі 24,5 миллиард долларды құрады. Президент бұл көрсеткішпен Ресей біздің тауар айналымымызда бірінші орында тұрғанын айтты.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ және басқа да халықаралық институттар арқылы белсенді ынтымақтасып келе жатқанымызға тоқталды.

– Биыл Қазақстан ТМД-ға төрағалық етеді. Қазан айында ТМД саммиті өтеді. Оған өзіңіз қатысасыз деген сенімдеміз. Оның үстіне Ресей Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында маңызды рөл атқарады. Бұл – шынымен де халықаралық форматтағы ынтымақтастықтың басым бағыты, – деді Президент.

Мемлекет басшысы қазіргі геосаяси жағдайдағы екіжақты ынтымақтастықты одан әрі нығайту мәселелеріне назар аударды.

– Геосаяси жағдайдың ерекшелігі үкіметтерімізге қосымша нұсқаулар беру үшін келісіп алу қажет екенін көрсетіп отыр. Олар бір-бірімен табысты қызмет етіп келеді. Дегенмен өмірдің өзі жаңа міндеттер қояды және олар шешуді қажет етеді. Жалпы, біздің ынтымақтастығымыздың дамып келе жатқанына қанағаттануға толық негіз бар. Мен бұл тұрғыда сізбен келісемін. Бізді ортақ шекара біріктіреді. Ол – әлемдегі ең ұзын, құрлықтағы толығымен делимитацияланған шекара. Біздің ынтымақтастығымыздың болашағына қатысты пессимистік болжамдар жасауға, әрине, негіз жоқ! Мен Қазақстан Республикасының Президенті ретінде барлық салалардағы екіжақты ынтымақтастығымызға қосымша серпін беруге ниеттімін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Владимир Путин Қасым-Жомарт Тоқаевқа шақыруын қабыл алып, Сочиге келгеніне алғысын білдірді.

– Шақыруымды қабыл алғаныңызға рахмет. Біз екеуміз үнемі кездесіп тұрамыз. Жақында ғана жүздескен едік, бірақ біз Сочиде кездесуге келістік. Алдымызда өте ауқымды жұмыс бар. Ал биылғы жыл ерекше. Біз қазан айында дипломатиялық қарым-қатынастың 30 жылдығын атап өтеміз. Осы датаға орай түрлі іс-шаралар жоспарланып отыр. Біздің министрліктер мен ведомстволар белсенді жұмыс істеп жатыр. Үкіметаралық комиссия қарқынды жұмыс істеп келеді. Сыртқы істер, қорғаныс министрліктері бірлесіп түрлі іс-шараларды, соның ішінде ҰҚШҰ аясындағы бірлескен оқу-жаттығуларды және тағы басқаларын дайындап жатыр. Тауар айналымы өсіп келеді. Былтыр 34,4 пайызға өссе, биыл бес айда 9 пайызға дерлік, 8,8 пайызға өсті. Инвестициялар екі жақтан да артып келеді. Меніңше, Ресей инвестициясы 18 миллиард долларға жетті, ал Қазақстанның Ресейге салған инвестициясы төрт жарым миллиард шамасында. Қазақстанның сауда-экономикалық серіктестері арасында Ресей бірінші орында келеді. Біз сондай-ақ жақсы ірі жобаларды әзірлеп жатырмыз. Жоғары технологиялық салаларда, соның ішінде ғарыш саласында жұмыс істейміз. Жалпы, жұмыс барлық бағыттар бойынша айтарлықтай қарқынды әрі оң бағытта жүріп жатыр. Біздің кездесуіміз, әрине, біздің сенімді стратегиялық серіктестігімізді дамытуға қосымша серпін беретініне өте қуаныштымын, – деді Ресей басшысы.

СЕССИЯ

## «ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ»
### ҰСЫНЫЛҒАН КАНДИДАТТАР ҚОЛДАУ ТАПТЫ

**Облыс әкімінің бірінші орынбасары Серік Қожаниязовтың қатысуымен облыстық мәслихаттың кезектен тыс XVIII сессиясы өтті. Сессияны мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов жүргізді.**

Sb **Биболат СӘТЖАН, «Сыр бойы»**

Облыстық мәслихат депутаттары, басқарма басшылары қатысқан жиынның күн тәртібінде 4 мәселе қаралды. Әр мәселе бойынша жауапты сала басшылары баяндама жасады.

Алғашқы мәселе – «Қызылорда облысының құрметті азаматы» атағын беру бойынша аппарат басшысының міндетін атқарушы Ерлан Қарабалаев баяндама жасады. Құрметті азамат атағына жеті кандидат ұсынылды. Ерлан Қарабалаев депутаттарға «Құрметті азамат» атағына лайық деп ұсынылған азаматтардың еңбегі мен өңірге жасаған жетістіктерін тізбелеп берді.

Жиында Серік Қожаниязов ұсынылған жеті кандидаттың әрбірі Тәуелсіз Қазақстанның даму жылнамасында өзіндік із қалдырып, мемлекет мүддесіне қызмет етудің абыройлы жол екенін дәлелдеп, қоғам құрметіне ие болған тұлғалар екенін айтып, депутаттарды қолдауға шақырды.

– Биыл үміткерлердің саны көп көрінуі мүмкін. Бұл атаққа кезінде осындай көлемде бірнеше рет ұсыныс жасалып, берілген болатын. Құрметті атаққа лайықты қайраткерлеріміз жеткілікті. Осы уақытқа дейін жинаған абыройларының жемісін көргені жақсы дәстүр деп санаймыз. Бұл марапаттарды атаулы күндерде, яғни, педагогтердің Тамыз мәслихаты, Конституция күнінде, «Алтын Күз» және «Рәміздер күнінің 30 жылдығы» мерекелік даталарда салтанатты түрде табыстайтын боламыз, – деді Серік Қожаниязов.

2-бет

# ЖАНКЕНТ ЖАЙЛЫ ТЫҢ ДЕРЕК

**Облыстағы ортағасырлық Жанкент қаласының орнында археологиялық қазба жұмыстары биыл да жалғасты. Зерттеушілер жаратылыстану ғылымдары әдістерін қолданып, Жанкенттің абсалюттік жасын анықтады. Бұған дейінгі деректерде көне қаланың IX-XI ғасырларда бой көтергені айтылса, жаңа зерттеулер шаһардың іргетасы VII ғасырда қаланғанын көрсетті.**

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің медиа орталығы хабарлағандай, ескерткіш бүгінде төрт жерден қазылып, археологтар заманауи инновациялық құрал-жабдықтардың көмегімен зерттеу жұмыстарын жүргізіп жатыр. Табылған жәдігерлер археологиялық зерттеулер зертханасында өңделіп, облыстық тарихи-өлкетану мұражайына беріледі.

Айта кетейік, жобаның ғылыми жетекшілері археология ғылымдарының докторы, профессор Генрих Харке, тарих ғылымдарының кандидаты Әзілхан Тажекеев және тарих ғылымдарының кандидаты, профессор Ирина Аржанцева. Зерттеу жұмыстарына Тюбинген университетінің, Ресейдің Жоғары экономика мектебінің, Мәскеу мемлекеттік университетінің және Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенттері мен 35 ғалым қатысып жатыр.

**«СБ» ақпарат**

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

## 37 389 теңге: қолдау мен қарбалас

**Санаулы күндерден соң жаңа оқу жылы басталады. Ата-аналарға балаларды мектепке дайындауда білім беру ұйымдары да қарайласатын. Бұрындары әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан шыққан оқушыларға мектеп формасы заттай берілетін. Ата-аналар өтінішімен биылғы жылдан бастап жеке шотына қаражат түрінде аударылатын болады. Алайда, ата-аналар 15 күн ішінде қаражаттың мақсатты түрде жұмсалғанын растау қажет. Бұл жаңалықпен Оқу-ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитеті төрағасының орынбасары Дулат Жекебаев бөлісті.**



Sb **Гүлбану МАҚАЖАН, «Сыр бойы»**

3-бет

ЕГІН – 2022

## Шешуші науқан да келді

**Енді санаулы күнде жер-жерде күрішке орақ түседі. Осылайша жергілікті диқандар биылғы су тапшылығы жағдайында егінді ысырапсыз жинап алу қамына кіріскелі отыр.**

Биыл аймақта барлығы 188,5 мың гектарға егін егілді. Оның ішінде 78,4 мың гектары күріш, қалғанын дәнді, майлы, малазықтық дақылдар құрайды. Сондай-ақ, қант қызылшасы 3,5, картоп, көкөніс, бақша 19,6 мың гектарды шамалайды.

– Облыстың шаруашылық құрылымдары көктемгі дала жұмыстарына қажетті жанармай, минералды тыңайтқыш, гербицид, техникалар және тұқымдық материалдармен толық қамтамасыз етілді. Соның нәтижесінде егіншілер тапшылық көре қойған жоқ. Бүгінде дәнді дақылдарды жинау және мал азығын дайындауда қызу жұмыс жүріп жатыр. Қазірге дейін 5832 гектар күздік бидай өнімі толықтай қамбаға құйылды. Сондай-ақ, жаздық бидайдың 5267 гектары, арпаның 320 гектары, қант құмайының 338 гектары орылып бітті, – дейді облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мамандары.



Биыл көкөніс-бақша, картоп дақылдары көлемін ұлғайтуға мән берілді. Бүгінгі күнге 516 гектар картоп жиналған.

**«СБ» ақпарат**

# «ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ»

## ҰСЫНЫЛҒАН КАНДИДАТТАР ҚОЛДАУ ТАПТЫ

Ұсынылған кандидаттар арасында саналы ғұмырын білім саласына арнаған қос ардагер Төлепберген Қасымов пен Марк Подольский, ауыл шаруашылығы саласының дамуына сүбелі үлес қосып, ел игілігі жолында қызмет еткен Жарылқасын Шәріпов, белгілі сәулетші, ҚР Мемлекеттік Елтаңбасының авторы Жандарбек Мәлібеков пен Түркі әлеміне ортақ жауһар туындылардың әлемге танылуына және кейінгі ұрпаққа насихаттауда айрықша қолтаңбасы бар профессор Алмасбек Алматов бар.

Сонымен қатар, А.Сызғанов атындағы ұлттық хирургия орталығының директоры, ғалым Болатбек Баймаханов және туған жерді түлетуге зор үлес қосқан кәсіпкер Имамзада Шағыртаев ұсынылды.

Күн тәртібіндегі кезекті мәселе – Қызылорда облысындағы жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау, қалалар және елді мекендердің аумақтарын абаттандырудың қағидаларын бекіту бойынша облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы басшысы Марат Құрманбаев хабарлама жасады.

Аталған қағидалардағы негізгі өзгертулер мен толықтырулар жасыл желекті күтіп-ұстау шараларын қамтамасыз ете отырып, жауапкершілікті қатаңдатуды көздейді.

Депутаттар қабылданып отырған құжаттың маңызды екенін атап өтті. Сондай-ақ, елді мекендердегі тазалық мәселесі бойынша бірқатар ұсыныстар айтылды. Бүгінде облыстағы 145 қоқыс полигонының 7-уі ғана экологиялық талаптарға сай келеді. Соңғы 30 жылда төрт рет өзгерген экологиялық заңнамадағы өзгерістерге сәйкес, ауылдық елді мекендердің тазалық жұмыстарын бәсекелестік ортаға шығару керек. Биыл жыл басында күшіне енген заң бүгінде үлкен мәселе болып отыр. Сессия барысында депутаттар жергілікті биліктің мүмкіндігіне қарай мәселемен арнайы айналысса деген ұсыныс айтты.

Жиында облыс әкімдігі жанындағы Мемлекеттік рәміздер жөніндегі комиссияның дербес құрамын бекіту мәселесі қаралды. Оған қатысты 2019 жылғы облыстық мәслихат шешіміне енгізілетін өзгерістерді облыстық қоғамдық даму басқармасы басшысының міндетін атқарушы Қуаныш Жанұзақов баяндады. Сондай-ақ, облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов облыстық сайлау комиссиясының құрамын сайлау туралы мәслихат шешіміне толықтырулар енгізу бойынша хабарлама жасады.

Күн тәртібіндегі төрт мәселенің де шешім жобалары бір ауыздан қабылданды. Мұнан бөлек, кейбір мәселелер бойынша депутаттар өз ұсыныс-пікірлерін білдірді.

Сондай өзекті проблеманың бірі – өңірде жанар-жағармай жетіспеушілігі байқалып отыр. Энергетика министрінің қаулысына сәйкес 20-тамыздан бастап дизель отыны сараланған бағамен сатыла басталмақ. Депутат Ибадулла Тілептің айтуынша, соңғы екі ай көлемінде жергілікті кәсіпкерлер содан зардап шегіп келеді.

Сараланған баға бойынша жүк көлігін тізгіндегендерге жүргізуші куәлігі мен техникалық құжатын көрсеткен жағдайда тәулігіне 300 литрге дейін дизель алуға рұқсат. Бағасы шамамен 230-260 теңге аралығында. Белгіленген мөлшерден көп алғысы келетіндерге баға басқа – шамамен литрі 450 теңге. Салдарынан кәсіпкерлер жанар-жағармай сата алмайды. Оған қоса, зауыттардан сатып алу үшін 5 мың тоннадан кем емес болуы, алдын ала төлем жасалуы керек. Алдын ала төлем көлемі шамамен 1,5 млрд теңге. Сондықтан кәсіпкерлердің қаржылық жағдайы оған мүмкіндік бермейді.

Алда жылу маусымы басталады. Ал, аймақ кәсіпкерлерінің жергілікті мемлекеттік мекемелермен, мектептермен, балабақшалармен келісімшарты бар. Оларды жанармаймен қамтамасыз ету қазіргідей жағдайда мүмкін емес.

Жылу маусымы қарсаңындағы тағы бір мәселе – аймаққа көмір жеткізуден туындап отыр. Сессия барысында депутаттар Жангелді Ысқақ пен Расул Есенов вагон тапшылығы мен ішкі нарықта көмір тасымалдауға өтінімдердің қабылданбауы, вагондарды жалға алу құнының өсуіне байланысты мәселелер барын атап өтті.

Жалпы, облыстың жылу маусымына көмір қажеттілігі – 176 мың тонна. Оның 142 мың тоннасы тұрғындарға тиесілі. Облыс әкімінің орынбасары Мархабат Жайымбетовтың айтуынша, қазіргі таңда өңірге 68 мың тоннадан астам көмір жеткізілген.

– Аймақ тұрғындары көмір сапасы нашарлап кетеді деп, шілде-тамыз айларында емес, күздің алғашқы екі айында алады. Сондықтан аудан әкімдіктерімен бірлесіп, бірінші кезекте әлеуметтік нысандарға қажетті көмірді алу бойынша жұмыс жүргізілуде. Ал, вагон жетіспеушілігіне келсек, «Қазақстан темір жолы» басшылығы келтірген мәліметке сәйкес, вагон саны 167 процентке орындалып отыр. Сондықтан мәселені қосымша зерттеу қажет, – деді Мархабат Жайымбетов.

Жиын соңында «Қызылорда облысының құрметті азаматы» атағына ұсынылған облыстық мәслихат депутаты, «Таң ЛТД» ЖШС директоры Имамзада Шағыртаев өскен өлке, туған жер құрметі үшін алғыс білдірді. Сондай-ақ, алдағы уақытта құрметті азамат атағын елден шыққан қарапайым еңбек адамдары – шаруаларға, күрішшілерге, механизаторларға беру мәселесі ескерілсе деген ұсыныс білдірді.

1-бет

ДЕПУТАТТАР ЕЛ ІШІНДЕ

# Әрбір мәселе елмен пікірлестікте екшеледі

**Аймағымызға жұмыс сапарымен келген Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттары Мұрат Бақтияруұлы мен Ақмарал Әлназарова Қазалы ауданында болды. Олар аудан тұрғындарымен кездесіп, әлеуметтік нысандарды аралады.**

Sb **Айсәуле ҚАРАПАЕВА,**
**«Сыр бойы»**

Сенаторлар алдымен Әйтеке би кентінде салынған емханаға барды. Қазалылықтарға жаңадан пайдалануға берілген нысанда бір ауысымда 250, күніне 500 науқасты қабылдауға болады. Мұнда заман талабына сай соңғы үлгідегі фиброгастроэндоскопия, ЛОР комбайн, электроэнфалография секілді құрылғылар бар. Орталықта 52 дәрігер, 120 орта буын қызметкер жұмыс істейді.

Депутаттар келесі кезекте 140 орындық балабақша мен Сырдария өзенінің «Қарлан» учаскесіндегі темір-бетон көпірінің құрылысымен танысты. Көпір аудан территориясында «Қазалы-Қожабақы-Бозкөл-Кәукей» автомобиль жолының 16 шақырымы Қарлан елді мекенінде салынбақ. Нысанның жалпы ұзындығы 2,5 шақырым болады деп жоспарланса, оның ішінде көпірдің ұзындығы 248,29 метр. Қазіргі таңда «СтандартОйлКзо» ЖШС құрылыс жұмыстарына кірісіп кетті.

Сонымен бірге, сенаторлар егін алқабында болып, егіншілермен сөйлесті. Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын қалыпты нормада ұстап тұру үшін қабылданып жатқан шаралар жайын баяндады. Биыл 17402 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылын орналастыру межеленіп, жоспар 100 процент орындалған. Оның 2365 гектарына бау-бақша өнімдері егілген.

Жұмыс сапарында депутаттар Жанкент ауылына ат басын тіреп, жұртшылықпен кездесті. Олардың әлеуметтік мәселеге қатысты ойларын тыңдады. Кездесуде жанкенттіктер әйелдердің зейнет жасын қысқарту жөніндегі ұсыныстарын айтты. Бұл жөнінде Мұрат Бақтияруұлы заң жобасы қаралып жатқанын, жыл аяғына дейін өз шешімін табатынын жеткізді.

Өңірге жұмыс сапарымен келген Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, «AMANAT» партиясы депутаттық фракциясының мүшесі Ғалым Әміреев облыстық филиал жанынан құрылған партиялық мониторинг және бақылау тобының мүшелерімен бірге қаладағы бірқатар сауда орындарындағы азық-түлік өнімдерінің бағасына мониторинг жасады.

Шара барысында тұрғындар көп тұтынатын азық-түлік өнімдері бағаларын шекті бағадан қымбаттатпау қажеттігі жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, баға негізсіз көтерілген жағдайда жергілікті атқарушы органдар тарапынан тиісті жұмыстар жүргізілетіндігі ескертілді.

Мониторинг барысында Ғалым Әміреев әлеуметтік маңызы бар өнімдердің бағасын тұрақтандыру бағытында ұсыныстарын айтты.

– Соңғы төрт айдың ішінде азық-түлік бағасына байланысты көптеген әңгіме болды. Соның ішінде қант бағасының күрт қымбаттауы халықты алаңдатты. Бүгін біз «Байқоңыр әлеуметтік кәсіпкерлік» корпорациясымен жыл аяғына дейін бағаны тұрақты ұстау мәселесіне келістік. Әрине, жыл бойы бағаны тұрақты ұстауға тұрақтандыру қорындағы қаржы жетпейді. Сондықтан алдағы уақытта мұндай жағдайлар қайталанбас үшін баға өспей тұрып, қай азық-түлік бағасы көтерілуі мүмкін алдын ала мониторинг жасап отыру жөнінде ұсыныс айттық, – деді ол.

Мониторингтік топ сондай-ақ оқушылардың мектеп формалары, оқу құралдары мен кеңсе заттарының бағасын да бағамдап, кәсіпкерлерге көпшілікке қолжетімді етуді айтты. Сонымен қатар кәсіпкерлер тарапынан бағаны тұрақтандыру бағытындағы ұсыныс-пікірлері тыңдалып, назарға алынды.

Атап өту керек, қазіргі таңда әлеуметтік дүкен сөрелерінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдеріне тапшылық жоқ. Қант бағасы 444 теңге көлемінде сатылуда.

**ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Қызылорда облысы бойынша департаменті басшысының бірінші орынбасары Бақытжан Ниязов пен «Әділдік жолы» республикалық қоғамдық бірлестігінің облыстық филиалының жетекшісі Ләззат Бақтыбаева БАҚ өкілдеріне арнап брифинг өткізді.**

Sb **Гүлбану МАҚАЖАН,**
**«Сыр бойы»**

# Жол құрылысындағы жемқорлық

Мемлекет басшысы республикалық және жергілікті деңгейдегі автомобиль жолдары сапасының төмендігін бірнеше рет атап өтті. Шілдедегі Үкіметтің кеңейтілген отырысында Президент жолдардың жай-күйін қайта сынға алды. Республикалық бюджеттен автожолдарды дамытуға және оларды жөндеуге бөлінетін қаржы да қомақты. Бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану және тиісті бақылаудың болмауынан жолдың сапасына тұрғындардың шағымдары көп.

Соған байланысты «Әділдік жолы» республикалық қоғамдық бірлестігі ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттігімен бірлесіп осы жылдың 15 тамызынан бастап республика бойынша «Әділдікті талап ет!» атты ауқымды науқан бастады. Оған Қазақстан Республикасының кез келген азаматы қатыса алады.

Науқанның басты мақсаты – қоғам арасында жемқорлыққа төзімсіздік ортасын қалыптастырып, бұл үрдіске ел азаматтарын барынша жұмылдыру. Аталған іс-шара жемқорлықтың болуы немесе орын алуы мүмкін деген жайттарды, қоғамды алаңдататын мәселелерді кезеңкезеңімен қамту. Осылайша екі жақты бірлесіп жолдарды салу, жөндеу және күтіп ұстау барысындағы жемқорлық тәуекелдерін анықтауға кірісті.

– Биыл республика аумағында 11 мыңнан астам шақырым жолға әртүрлі жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Бұған ел қазынасынан 600 миллиард теңгеден астам қаржы бөлінді. Ал жол жөндеуге бөлінген қаражаттың 44 пайызына мемлекеттік сатып алу қорытындысы жасалған жоқ. Автожолдарды салу жобаларының барлық кезеңдері жемқорлық тәуекелдеріне бейім. Тек мемлекет пен азаматтардың бірлескен күшімен ғана бұл келеңсіздікке төтеп бере аламыз, – деді Л.Бақтыбаева.

Айта кетейік, Қазақстанның кез келген азаматы автожолдар салу, жөндеу және күтіп ұстау саласындағы жемқорлық туралы ақпаратты Adildik.kz вебсайты арқылы немесе 1463 Call center бойынша хабарлай алады.

БРИФИНГ

# Оқу жылында біршама өзгерістер бар

**Өңірлік коммуникациялар орталығында жаңа оқу жылының басталуы және «Мектепке жол акциясы» туралы облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Бағдат Бердәулетов хабарлама жасады.**

Биыл аймақтағы 295 мемлекеттік, 16 жекеменшік мектепте 182 мың оқушы білім алады деп күтілуде. Өткен жылмен салыстырғанда оқушылар саны – 5 мыңға артқан. Оның ішінде бірінші сыныпқа 17 898 бала барады.

Оқулық және оқу-әдістемелік кешендермен қамту бойынша тиісті жұмыстар жүргізілуде. Атап айтқанда, 1,4 млрд теңге қаржыға 637313 дана оқулық алынып, 25 тамызға дейін таратылады. Мектептер 100% интернет желісіне қосылған. Компьютерлік құрылғылар саны – 44127

Екі апатты мектептің (Арал №71, Жаңақорған №169) ғимараты жаңа оқу жылына тапсырылады. Ал Арал ауданындағы №248-ші мектептің құрылысы жеке инвестор есебінен басталса, Қазалы ауданындағы №94 мектептің жоба-сметалық құжаты әзірленуде. Сондай-ақ, 6 мектептің (Қармақшы №28, №85, №121, Сырдария №42, Жаңақорған №55, Қызылорда №10) күрделі жөндеу жұмыстарына 2,1 млрд теңге бөлінген.

Баяндамашының айтуынша, Жаңақорған ауданы Бірлік ауылындағы №55 мектептің күрделі жөндеу жұмыстары биыл қазан айының соңында аяқталады. Мектепте 573 оқушы бар. Оған дейін оқу процесі ауылдағы балабақша ғимаратында ұйымдастырылады.

– Жаңалықтың бірі – оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 35 оқу аптасын, 2-11 сыныптарда 36 оқу аптасын құрайды. Ал оқу жылы бұрын 25 мамырда аяқталатын болса, енді 31 мамырға дейін жалғасады. Меншік және оқыту түріне қарамастан, білім беру ұйымдарына оқу процесін жүзеге асыруда педагогикалық кеңестің шешімі негізінде, Үлгілік оқу жоспарын таңдауға академиялық еркіндік беріледі.

Биылдан бастап 1-сынып оқушылары «Әліппе» және «Ана тілі» пәндерін оқиды. Ал «Көркем еңбек» пәні енді екі пәнге бөлініп, «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» сабақтары оқытылады. «Шетел тілі» және «орыс тілі» пәндері оқытылмайды. Сондай-ақ, 1-сыныпта оқушылардың оқу жетістіктері бағаланбайды. Тағы бір өзгеріс, «Өзін-өзі тану» пәні Үлгілік оқу жоспарының инвариантты компонентінен шығарылды, яғни, міндетті пән ретінде оқытылмайды.

Осы оқу жылында сыныпты екі топқа бөлу қалалық және ауылдық мектептерде бірдей, яғни, сыныпта 24 және одан да көп білім алушы болған кезде жүзеге асырылады (бұрын ауылдық мектептерде сыныпта білім алушылар саны 20 оқушы болған жағдайда бөліп оқытылатын). Мектептер оқу тіліне қарамастан, мектептен тыс және жалпы мектепішілік іс-шараларды негізінен қазақ тілінде ұйымдастырады.

2022-2023 оқу жылында жалпы орта білім туралы «Алтын белгі» аттестатын алуға үміткерлер үшін «Алгебра және анализ бастамалары» оқу пәні бойынша қорытынды аттестаттау (жазбаша емтихан) «Назарбаев зияткерлік мектебі», дербес білім беру ұйымдары филиалдарының базасында өткізіледі. Сонымен қатар, халықаралық пәндік олимпиада жеңімпаздары мен олардың мұғалімдеріне бір реттік ақшалай сыйақы беріледі. Ал педагог лауазымына тағайындау конкурстық негізде 16 сағаттық нормативтік оқу жүктемесімен педагогтың бос орнына өткізіледі. Сонымен бірге, жаңа талаптарға сәйкес педагогтар үш жылда кемінде бір рет біліктілігін арттыру курстарына қатысуы тиіс.

Білім күні барлық мектептерде салтанатты жиыннан бастау алады. Сондай-ақ, 1 қыркүйекте 1-11 сыныптарда «Балалар жылына» арналған «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және патриотизм» тақырыбында ашық сабақ өткізіледі.

**«СБ» ақпарат**

AMANAT

АПТА АҒЫМЫНДА

## «БАЛАНЫ МЕКТЕПКЕ ДАЯРЛАЙЫҚ!»

«AMANAT» партиясының бастамасымен 15-25 тамыз аралығында республика бойынша кең көлемде «Баланы мектепке даярлайық!» акциясы бастау алды. Бұл акция аясында аймағымызда партия филиалының ұйымдастырумен апта барысында 620 отбасындағы 830 балаға көмек көрсетілді.

## «ЖЕР АМАНАТЫ»

Пайдаланылмай жатқан, оның ішінде заңсыз жеке меншікке өткен жерлерді мемлекет меншігіне қайтару және оларды ауыл тұрғындарына ұсыну, әділ үлестіру мақсатында партияның облыстық филиалы жанынан құрылған «Жер аманаты» аймақтық комиссияның отырысы өтті. Жиында жайылымдық жер, жер дауына қатысты түскен арыз-шағымдар қаралды.

## БАҒАҒА МОНИТОРИНГ ЖАЛҒАСЫП ЖАТЫР

Апта барысында «AMANAT» партиясы облыстық филиалы жанынан құрылған партиялық мониторинг және бақылау тобының мүшелері қаладағы бірқатар сауда орындарындағы азық-түлік өнімдерінің бағасына мониторинг жасады.

Бұл іс-шараға өңірге жұмыс сапарымен келген ҚР Парламенті Мәжілісіндегі «AMANAT» партиясы депутаттық фракциясының мүшесі Ғалым Әміреев те қатысты.

Мұнда тұрғындар көп тұтынатын азық-түлік өнімдері бағаларын шекті бағадан қымбаттатпау қажеттігі жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

## ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАРҒА МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

«Кедергісіз келешек» жобасы аясында партия филиалдары жанындағы мониторингтік топтар әлеуметтік нысандар, аялдамалар мен тротуарлардың мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қолжетімділігі мен бейімделуі бойынша өңірдегі 250 нысанға мониторинг жұмыстарын жүргізді. Қорытындысы бойынша стандартқа сәйкес келмейтін мекемелерге ескерту жасалып, бейімделмеген әлеуметтік нысандарға жауапты сала басшыларымен партиялық тыңдау өткізілетін болады.

## АУЫЛ ӘКІМДЕРІ АРНАЙЫ ОҚУДАН ӨТТІ

«AMANAT» партиясы Саяси менеджмент академиясы ауыл және ауылдық округ әкімдерін оқыту бағдарламасын жалғастырды. 17-19 тамыз аралығында өңіріміздегі 20-ға жуық ауыл әкімі халықтың экономикалық белсенділігін арттыруда біліктілігін жетілдіру курстарын оқып, арнайы тестілеуден өтті.

## «ҚАУІПСІЗ ҚАЛА»

«AMANAT» партиясының «Жастар рухы» Жастар қанаты облыс бойынша қауіптілік тудыратын ашық жатқан люктер мен ашық электр сымдарын бақылауға алып, рейд жұмыстарын жүргізді.

Нәтижесінде анықталған барлық кемшіліктер тиісті мекемелерге жолданып, шаралар қабылданатын болады.

## ЖАТАҚХАНА ЖАЙЫ БАҚЫЛАУДА

Студенттердің өмір сүру деңгейінің сапасын арттыру, жатақханалардың оқу жылына дайындығы мен санитарлық нормаларға сәйкестігін анықтау мақсатында «Жастар рухы» ЖҚ облыстық филиалы мониторинг жұмыстарын жүргізуде. Бұл бақылау жұмыстары барлық аудандарда атқарылады.

## ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ

Партияның облыстық филиалында облыстық мәслихаттағы «AMANAT» партиясы депутаттық фракциясының мүшелері Н.Ибраев, А.Әбибуллаева мен облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы П.Шамуратов азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдау өткізді.

***

Жалпы апта ішінде, аймақтық және аумақтық филиалдар мен БПҰ-да кездесулер, тақырыптық қабылдаулар, фракция отырыстары, партиялық бақылау және т.б. түрлі форматтағы 71 қоғамдық-саяси іс-шара ұйымдастырылды.

**ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті БАҚ өкілдеріне арнап пресс-тур өткізді. Онда «Қызылорда су жүйесі» мекемесінің нысандарын араладық. «Қызылорда су жүйесі» мекемесі басшысының бірінші орынбасары Нұрлан Өтепов индустриялық бағдарлама бойынша атқарылған жұмыстармен таныстырды.**

Sb Гүлбану МАҚАЖАН, «Сыр бойы»

# Ауызсу және кәріз құбырлары жаңартылуда

Кәсіпорынның активтерін жаңалау, қолдау, қайта жаңғырту және техникалық қайта жарақтандыру мақсатында Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының және аталған департаменттің бірлескен бұйрығымен «Қызылорда су жүйесі» мекемесіне 2020-2024 жылдарға 423,16 млн теңге инвестициялық бағдарлама бекітілген. Бұл қаражатқа 1,3 шақырым ауызсу және 1,1 шақырым кәріз жүйелеріне күрделі жөндеу және техникалық қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілуде.

Солардың бірі қаладағы Қыдыров, Романов көшесінің бойындағы №12 канализациялық сорғы станциясын, ашып-жабу камерасына дейін екі желілі қысымды кәріз жүйесі қайта жаңартылуда. Бұл жұмыстар «Механизатор-К» сериктестігіне жүктелген. Тұрғындар ертерек бітіріп, біткен соң көшені асфальттап кетуді ескертті.

Аталған мекеме Желтоқсан, М.Әуезов, Бостандық көшесінде де ауызсу жүйесін жаңартуда. Жұмыс қыркүйек айында аяқталуы тиіс.

Мұнан соң «Корпорация Әлем-Құрылыс» серіктестігіне жүктелген Бөкейхан көшесіндегі су құдығынан бастап Төле би, Е.Көшербаев, Баймағанбетов көшелерінің қиылысындағы су құдығына дейінгі Жеңіс көшесі ауызсу жүйесінің құрылыс жұмыстарымен таныстық. Құрылыс қарқынды жүріп жатыр. Желтоқсан айына дейін аяқталуы қажет.

– 2022 жылға бекітілген инвестициялық бағдарламаға сәйкес кәсіпорынның өз қаражаты есебінен 210 млн теңгеге 2,9 шақырым қысымды ауызсу жүйелерін және 1 кәріз жүйесін күрделі жөндеу жұмыстары қарастырылған. Қазір тендерлік жұмыстар жүруде. Қаладағы ауызсу және кәріз жүйелерінің сапасын жақсарту мақсатында бұл жұмыстар жалғасын табады, – деді ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитеті Қызылорда облыстық департаменті басшысының орынбасары Ғалым Тойлыбек.

# 37389 теңге: қолдау мен қарбалас

Әр балаға 37389 теңге қарастырылып отыр. «Жалпыға міндетті білім беру қорының» есебінен, жергілікті бюджеттің ақшасынан көмек беріледі. Көмек алатын адамдардың тізімін жергілікті атқарушы органдар жасақтайды. Оған ену үшін мектептің әлеуметтік педагогына барып, өтініш жазу керек. Үкіметтің №64 қаулысына өзгерістер енгізілді. Десе де, «Жалпыға міндетті білім беру қоры» аясында көмек алатын бес санат өзгерген жоқ. Атап айтқанда: әлеуметтік көмек алатын отбасынан шыққан балалар; атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, бірақ табысы күнкөріс шегінен төмен отбасынан шыққан балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім балалар, әртүрлі қиын жағдайларға тап болып, төтенше жағдайларда (өрт және тағы басқа) қалған балалар және жоғарыдағы төрт санатқа жатпайтын, бірақ материалдық жағдайы төмен отбасылар. Оны мектептің қамқоршылық кеңесі белгілейді. Аймақта атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасының 13533 балаға, жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған 593 балаға, басқа санаттағы 17196 балаға қаржылай көмек берілмек. Ата-аналар мектепке құжаттарын өткізді. Алайда кейбір жерлерде құжат қабылдау аяқталды деп қабылдамай қойса, кей ата-ана ертең ақша түссе алатын затына түбіртек беретін кәсіпкерді іздеп жүр. Кейбір мектептің әдіскері өтініш білдірген ата-ананың үйін суретке түсіріп әлек. Тарқатып айтайық.

## «Түбіртек бересіз бе?»

«Қаражаттың нысаналы пайдаланғанын растайтын құжаттарды, яғни төлем түбіртегі, сурет сынды дәлелдемелерді сатып алғаннан кейін 15 жұмыс күні ішінде білім ұйымына өткізуі тиіс. Себебі, ата-ана қаражат алар алдында оның нысаналы жұмсалғанын растайтын құжаттарды ұсынуға келісетінін және жалған ақпарат пен анық емес құжаттар бергені үшін жауапкершілік туралы ескертілгенін растап, өтініш жазады», – деп түсіндірді Оқу-ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитеті төрағасының орынбасары Д.Жекебаев.

Қаладағы №7 мектеп-лицейінің ата-анасы Ақмарал Дастенова базарды, кәсіпкерлерді аралап чек беретін кәсіпкер іздеп жүр. Себебі ақша түскен соң оны қалай жаратқаны жөнінде есебін өткізуі керек.

– Құжат өткіздік. Ол қаржыға базардан киіндіргіміз келеді. Базар бағасы арзан. Бірақ түбіртек бермейміз дейді базардағылар. Қаламыздағы А.Тоқмағамбетов мәдениет үйінің аумағында жергілікті тауар өндірушілердің қолынан шыққан мектеп формалары сатылуда. Бұл жәрмеңкелер 5 қыркүйекке дейін жалғасады. Осы кәсіпкерлер алған затымызға түбіртек берсе, отандық өнімді қолдар едік. Барып сөйлестік. Түбіртек бере алмайтындарын айтты. Ал сауда орталықтарынан, дүкендерден сауда жасасақ, 37389 теңгеге екі зат қана аламыз. Бұл бізге тиімсіз», – дейді.

## «Үйіңіздің ішін суретке түсіріңіз»

Ал қала тұрғыны Гүлнұр Бақытқызы: «Үйдің ішін де суретке түсіріп бердік. Қаржылай көмек алатын ата-аналарға қойылатын талаптары қызық. Барлық құжатты өткіздік. Үйдің ішінде суретке түсіріп беруімізді айтты. Сонда менің үйімде жақындарым алып берген тоңазытқыш, LED теледидар болса, 37389 теңге қаржыны бермей қоя ма? Үкіметтен қолдау табу үшін ешқандай дүние-мүлкі жоқ жерде тұруымыз қажет пе? Балаға деп алған соң соларға жаратарымыз анық қой. Менің төрт балам мектепке барады. Бәрі – оқу озаты. Тым құрыса бір балаға «Мектепке жол» акциясынан деп оқу құралын берген жоқ», – дейді.

## Акция шапағатын кім көрді?

«Мектепке жол» акциясы басталған уақыттан бері облыс бойынша 1601 балаға жалпы құны 18 млн 953 мың теңге көлемінде материалдық көмек көрсетілген. Облыстық білім басқармасы демеушілер көмегімен балаларға оқуға ең қажетті мектеп және спорттық костюмдер, кроссовкалар, сөмкелер мен кеңсе тауарлары берілгенін мәлімдеді.

«Бұл қолдау халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтарындағы балаларды мектепке дайындау үшін көрсетілді. «Мектепке жол» акциясы жалғасуда. Барлық білім беру мекемелерінде микроаудандар бойынша балаларды тіркеу, есепке алу шаралары ұйымдастырылуда. Бүгінгі күнге дейін басқарманың сенім телефонына 3 мыңнан астам ата-анаға акция жөнінде түсіндірме жүргіздік. Аталған акцияға «Қызылдихан» ШҚ, «БАҚ» ШҚ, «Ақжарма» ШҚ, «Сейфуллин Жер» шаруа қожалықтары, «Жан-Рос», «Мереке» ательесі, «Ақжүрек», «Ел Арай» компаниялары мен шағын және орта кәсіп иелері демеушілік танытты. Алдағы уақытта «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ 100 оқушыға оқу құралын, «Dalatex» ЖШС 400 балаға форма тігіп беруді жоспарлауда, – дейді облыстық білім басқармасының бөлім басшысы Шолпан Жүнісова.

Сала басшыларының айтуынша, Үкіметтің №64 қаулысына өзгеріс еніп, «Жалпыға міндетті білім беру қорының» есебінен киім-кешек, оқу құралдарына қаржылай қолдау 20-25 тамыз аралығында берілмек. Бұл қаулыда құжат өткізу мерзімі нақты көрсетілмеген. Не істерін білмей жүрген ата-аналар әлі де бар. Қысқасы, әр балаға тиісті негіздемелер бойынша қарастырылған 37389 теңге төңірегінде қарбалас әлі саябырсыған жоқ.

1-бет

## АЙТЫЛМАСА, СӨЗ ЖЕТІМ

**Ашынғаннан айтасың, қасақана адам өлтіру бүгінде тауық сойғаннан оңай болып қалғандай көрінеді. Неге десеңіз, жуырда ғана оралдық кәсіпкерді өз мейрамханасында өлтірген қылмыскерлердің ісін қалай айтсақ та, ақтап ала алмаймыз. Адам өлтіру, оның ішінде қасақана қол жұмсау – кешірілмес күнә, заң алдында аса ауыр қылмыс. Оның алдында алматылық келіншектің пәтерінде екі баласымен бірге кісі қолынан ажал құшқаны елді дүрліктірсе, өткен жылдың көктемінде 19 жасар Аяжан Еділованың аяусыз өлтірілгенін әлі ешкім ұмытпаған болар. Тізе берсек, айтуға ауыз бармайтын мұндай оқиға көп.**

Sb Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

# Адам өмірінің құны қайда?

Заңгерлер мен құқық қорғау органдарының қызметкерлері әсіресе қыз-келіншектерге желі арқылы танысқан адаммен жақын араласпауға кеңес береді. Қылмыскерлердің көбі әлеуметтік желіде өзінің шын бет-бейнесі мен арам пиғылын жасыра алады. Әдемі сөзге еліте білетін олар, жас қыздардың сеніміне тез кіріп, кейін «діттеген» мақсаттарына жетеді.

Қолда бар мәліметтерге сүйенсек, небәрі бес айдың ішінде криминогендік ахуал күрделеніп, 38 процентке өскен. Облыста 14 адам өлтіру дерегі тіркелсе, қасақана адам денсаулығына зиян келтіретін қылмыс 18-ге жеткен.

Қылмыстық құдалау басқармасының берген ақпараттарына зер салсақ, ауыр қылмыстар көбіне жақын адамдардың арасында орын алады. Жанұядағы бітпес дау, кикілжің, түсініспеушілік, жұмыссыздық, ішімдікке салыну, бір-бірін балағаттап, ауыр сөз айту сияқты жайттар әсер етеді екен. Мұндайда «Ашу – дұшпан, ақыл – дос...» деген халық даналығы еске түседі. Расында, ашуланған адамның көзі ештеңені көрмей кетеді. Жүйкесі жұқарған жандар осындай ашу үстінде бір-бірін аяусыз соққыға жығып, соңы өкінішпен аяқталады. Бұл – енді заң алдында да, өзіңнің ар-ұжданыңның алдында да ақтап алуға келмейтін іс.

Тағы сандарды сөйлетсек, бірінші жартыжылдықта кісі қолынан 11 адам қайтыс болған. Осы іске күдікті деп танылған 26 адамның жартысы жұмыссыз, бұрын сотты болғандар мен масаң күйде өз әрекетіне жауап бере алмағандар. Ең сорақысы, қылмыстардың көбі қоғамдық орындарда жүзеге асқан. Мәселен, К есімді қала тұрғыны 10 күн бұрын спирттік ішімдікке салынып кеткен әкесін іздеп, полицияға хабарлаған. Тергеп-тексеру барысында әкесінің зорлық-зомбылық белгілері бар мәйіті табылған. Бұл оқиғаға әкесінің бөтелкелес таныстары себепкер болған. Олар қылмысын жасыру үшін мүрдені қала шетіне апарып, көміп тастаған.

Қылмыскерлер арасында бұрын сотты болып, мерзімінен бұрын босатылғандардың қайтадан қасақана адам өлтіруге дейін баратын оқиғалар жиі орын алуда. Айталық, Ж есімді азамат бостандықтың қадірін білмей тағы да темір торға тоғытылған. Ол қаладағы кафелердің бірінде сыра ішіп, қасындағылармен сөзге келіп, соққыға жығып, оқиға орнынан бой тасалаған. Қылмыстық әрекеті үшін енді жазасын алуына тура келеді.

Қоғамда жаза басып, түзу жолдан жаңылғандарды қайта бейімдеу жұмыстары жүргізіледі. Оларды кәсіптік білімге баулып, жұмысқа орналастыру да қарастырылған. Әйткенмен, қылмысқа қарсы профилактикалық жұмыстар жасалғанына қарамастан, азаймай отыр. Бұған құқық қорғау қызметкерлерінің өзі алаңдауда. Жұмыспен қамту, білім беру, психонаркологиялық орталықтарда тиісті шаралардың өз деңгейінде атқарылмауы ауыр санаттағы қылмыстардың өсуіне себеп болуда.

Кейінгі кезде кісі қолынан ажал құшатындар көбейді. Соған қарағанда адамдар арасында бір-біріне деген мейірімділік, жанашырлық сияқты қасиеттер жоғалып бара ма дерсің. Мың өліп, мың тірілген қазақтың бейбіт заманда бірін-бірі аяусыз өлтіруі, тонап, ұрып-соғуы адамгершілік пен имандылықтан, ар ожданнан аттап басқаны емес пе? Ата заңда да адам өмірі баға жетпес байлыққа теңестірілген. Алланың аманаттап берген жанын одан басқа ешкімнің алуына құқы жоқ екенін қалайша ұмыттық?

КӘСІП ПЕН НӘСІП

# «Бәрін де жоқтан бастадық»

**Сырдың бойында, Тереңөзек ауданына қарасты Іңкәрдария атты ауыл бар. Сол ауылдың шаңына бір жылдары бала Бақтияр аунап өсті. Менің айтпағым, кішкентай елді мекеннен шыққан бұл күнде елге сыйлы азамат жайында. Бақтияр Өсербекұлы Құдайбергенов 1986 жылы Іңкәрдария совхозында дүниеге келіп, сол ауылдың мектебін 2003 жылы тәмамдады. Кейін облыс орталығына жаңұя жағдайына байланысты ата-анасы қоныс аударды. Сол жылдан бері облыс орталығының тұрғыны.**

Қайбір жылдары елде жеке меншік белең алды. Совхоздар тарады. Ел дағдарыста болды. Сол кездегі тіршіліктің дағдарысы Бақтиярдың отбасын да айналып өтпепті. Қиындықты да, жоқшылықты да көріп, сезініп өсті. Бақша еккен, пішен орған, отын шапқан. Жалпы тіршілікке бейім болған.

Отбасында алты ағайынды. Соның Бақтияр төртіншісі. Бұл күнде бауырларына өзі қамқор.

Бақтияр қазіргі таңда облыс орталығында жеке кәсібін дөңгелентken кәсіпкер. Өз күш-жігерімен бастаған бизнесі бар.

Жақында қала орталығында орналасқан «Bakhtiyar auto» сервисінде пікірлесудің сәті түсті. Ол жайдары көңілмен бизнестің жай-жапсарын баяндап берді.

– Бұл салаға келу бірден оңай болған жоқ, – дейді ол. – Қолда диплом жоқ, не қаражат жоқ. Әдепкіде құрылыс саласында, наубайханада және «құлбазарда» жүрдім, кейін слесарь болып бастап көрдім. Өзімді әр саладан іздеп келіп, осы бағыттан таптым. 2009 жылы әскерге алындым. Әскерден келгесін Астана қаласында автокөлік жөндеу саласында слесарь болып жұмыс атқардым. Кейін Қызылордаға келіп, 2014 жылы өз командамды жинап, жұмыс бастап кеттік. Әдепкіде 5-6 ай қиын болды, қаражаттың аздығы қол байлады. Бір клиенттен екіншісі естіп келіп, солай алға жылжи бастады. Біреуі екіншісін ертіп келсе, 50% жеңілдік жасадым. Солай кәсіп алға жылжыды. Сол жылдан бастап бизнеске деген қызығушылығым артып, білімге де ерекше ден қойдым. Мен осы кезге дейін 80 миллион теңгеге жуық қаражатымды білімге салдым. Өзімнің ізденісімнің, білімімнің арқасында қазіргі таңда Қазақстанның бес қаласында 260-қа жуық серіктестермен жұмыс жасаймыз.

Сол бизнестің басы-қасында жүргеніне биыл 8 жыл болыпты. Қытай елінен жеке завод сатып алып, оны да қондырып, іске қосуға әрекет жасап жатыр екен. Міне, Бақтиярдың жеке кәсібі осылай дөңгелеуде. Бұл бастамасы – өзіне кәсіп, ал елге үлкен қызмет.

Әңгіме барысында «Отбасы мен бизнесті қалай қатар алып жүрсіз?» дедім.

Ол бір езу тартып алды. Сосын «Бұл екеуін қатар алып жүру оңай емес. Көп адамдар екеуінің біреуін ақсатып алып жатады. Ақшаны көбейтіп, отбасына көңіл бөлуің азаяды не болмаса отбасына көп көңіл бөлсең, ақшаң азаяды. Бұл жерде үлкен баланс болуы керек. Адамгершілік, үлкен түсінистік болуы керек. Жолдасың да іштей сенің ісіңе, кәсібіңе дайын болуы керек» деді.

Қазір ол 300-ден астам адамды жұмыспен қамтамасыз етіп, олардың жағдайын жасап отыр.

Бақтияр бірқатар елді мекендерде қолжетімді жағдайда дүкен дүңгіршектерін ашқан. Елдің айтуынша, жоқжітік жандарға, елдегі елеулі істерге қол көмегін аямайтын көрінеді.

«Қазіргі таңдағы бизнестің өрлеуі қалай, жастарға қандай бағыт-бағдар бересіз?» дедім әңгіме үстінде.

Ол ойланып барып, болашаққа болжамды көзбен қарай отырып:

– Қазір жастар бәрін бірден үлкен нәрседен бастағысы келеді. Тіпті кейбірі «Аға, мен миллионер болғым келеді» деп жолдың қақ ортасынан ілескендей әңгіме айта бастайды. Негізі бизнес жоқтан басталады, кішкентайдан үлкенге ұлғайту арқылы жетесің. Бірінші – қалай ақша табу, екінші – оны қалай жарату, үшінші – соны қалай ұстап қалуға, яғни дамытуға болады. Жастар осыны білуі керек. Осы үш этапты түсініп өтсе ғана ісі алға басады. Ал жалпы бизнес қазіргі әлемдік, экономикалық жағдайда қиындықтармен бетпе-бет келіп тұр, – деді ол. Бақтияр ізіне ілесетін жастар болса, оларды кәсіпке баулуға дайын. Ең бастысы, адалдық пен еңбексүйгіштік ұзаққа апаратынын ұғына білсе, игі.

**Жанар СЕРӘЛИЕВА**

СЫР САҢЛАҚТАРЫ

# Ұлттық айшықтар жүрекке жылылық ұялатады

**Биыл Мемлекеттік Елтаңба авторы, жерлесіміз Жандарбек Мәлібеков 80 жасқа толып отыр. Тәуелсіз мемлекетіміздің тарихына есімі енген талантты сәулетшінің елге еткен адал қызметі лайықты бағаланды. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Өзбекстанның еңбек сіңірген сәулетшісі, Л.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінің құрметті профессоры, «Құрмет» орденінің, I дәрежелі «Барыс» орденінің иегері, күні кеше Қызылорда облысының құрметті азаматы атанды.**

Sb Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

Жандарбек Мәлібеков – Сыр өңірінің тумасы. Дәлірек айтсақ, 1942 жылы Жаңақорған ауданы, Екпінді ауылында, қарапайым отбасында дүниеге келген. Балалық шағы Ұлы Отан соғысы жылдарына тура келді. Ата-анасынан ерте айырылды. Орта білім алудың өзі оңай болған жоқ. Осылайша түрлі қиындықтарды басынан өткере жүріп, мектеп бітіреді. Алдына биік мақсат қойған арманшыл жас Ташкент политехникалық институтының сәулет өнері факультетіне түсіп, қалаған мамандығының тізгінін ұстады. Оқуын бітірген соң осы қаладағы ғылыми-зерттеу және жобалау институтының қала құрылысы шеберханасының жетекшісі, жобалар жөніндегі бас сәулетшісі қызметтерін атқарды. Жас маман, талантты сәулетші өзі еңбек еткен жылдары Өзбекстан еліндегі көптеген құрылыстарда қолтаңбасын қалдырған. Айталық, Әндіжан қаласындағы әуежай, Ташкенттегі Үкімет қонақ үйі, Самарқандағы облыстық әкімшілік үйі, драма театр, орталық кітапхана ғимараттары, сондай-ақ, бірнеше қаладағы тұрғын үй аудандарының құрылысын жобалауға қатысқан. Кейіпкеріміздің сөзінен аңғарғанымыз, өзбек халқының құрылыс нысандары өзіндік ұлттық нақыштарына сай орналасады. Яғни, құрылыс жобасын әзірлегенде бұған мән берілуі тиіс. Жоғарыда айтып өткеніміздей, Өзбекстанның еңбек сіңірген сәулетшісі атануы оның осындай сүбелі еңбегіне берілген әділ баға екені даусыз.

Еліміз Тәуелсіздік алған жылы Мемлекеттік рәміздер жасауға байқау жарияланғаны белгілі. Осы байқауға ұсынылған 293 жобаның ішінен Жандарбек Мәлібековтің жобасын Жоғарғы Кеңес депутаттарының басым бөлігі қуаттап, мемлекеттік елтаңба үлгісі ретінде қабылданды. «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының авторы» атанды. Бұл 1992 жылдың 4 маусымы еді. Жоба иесінің қуанышында шек жоқ. Иә, оның ең үлкен қуанышы туған елге оралып, халқымен қауышу еді. Шынында ол елге деген ерекше ыстық сағынышын осы еңбегімен әйгілеген болатын.

Сонау бала күнінде Сырдың жазық даласы арман-қиялымен ұштасып, тым алысқа, тіпті шексіз әлемге жетелейтін. Жүрегіне берік орныққан осынау шексіздік ұғымы кейін оның шығармаларына арқау болды. Оның ішінде, талант иесінің жанына жақын әрі шоқтығы биік туындысы, осы – Мемлекеттік Елтаңба. Автордың айтуынша, онда бедерленген әрбір суретте ұлтымыздың ғасырлар бойы кешкен ғұмыры, тағдыры мен тарихы сипатталған. Мұның бәрі елін, жерін шексіз сүйетін ауыл баласының көз алдында, көңіл түкпірінде айқын жаттalып қалған көріністер еді.

Елтаңбаның пішіні шеңбер тәрізді, бұл шексіздік, яғни мәңгілік ұғымын білдіреді. Ал, негізгі нысанасы – киіз үй. Зер салып қарасаңыз, киіз үйдің шаңырағымен байланысқан уықтар ұрпақтар сабақтастығын білдірсе, енді бір қарағанда, айналаға күннің шуағындай тарайды. Елтаңбаның екі жақтауын алып тұрған қанатты тұлпар жарқын өмірге деген құштарлық пен ұмтылыстың, жалпы жасампаздықтың көрінісі. Сондай-ақ, ондағы «Қазақстан» деген алтын түсті жазу басқұрдың бетінде жазылған. Басқұр – киіз үйдің барлық керегесін біріктіріп тұратын ең мықты бау, яғни, бұл – халқымыздың ынтымағы мен бірлігінің айғағы.

Сәулет өнерінде өзіндік ерек қолтаңбасы бар Жандарбек Мәлібекұлы «Ойтек» деп аталатын заманауи ұлттық архитектураның үлгісін әзірледі. Жоба аясында қазақтың ата-баба тегінен бері жалғасып келе жатқан ұлттық айшықтар бүгінгі ұрпақтың да қолданысына еніп, құндылықтарға деген құрметін қалыптастырады. Жоба авторының айтуынша, кеңес заманында салынған ғимараттар біздің ұлттық ерекшелігімізге сай келмейді. Сондықтан бұл жобада қазіргі архитектуралық нормалардың біразы өзгереді. Оның ішінде ауыл келбетін жаңартуға да айрықша мән берілген.

Елдің тарихымен тамырлас, келешегімен сабақтас, шынайы шығармашылық үлгісі – «Ойтек» архитектурасы ұлттық табиғатымызбен үйлесім табады. Түп төркіні ой мен тек сөздерінен шығып отырған «Ойтек» архитектуралық жобасының философиялық астары осында. Бұл архитектура ұлтымыздың ақыл-парасатын, тұрмыс-салтын, бекзат болмысы мен биік ұстанымын, бір сөзбен айтқанда, ел мен жер иесінің тектілігін айшықтай түседі. Айта кетейік, жоба қазір ғылыми зерттеуге ұсынылған.

Жоба авторының айтуына қарағанда, ұлттық ерекшелігімізге сай сәулет туындылары болуы керек. Мәселе ол ғимараттың немесе тұрғын үйдің бағасы қымбат болуы шарт емес, тек сәулет үлгісі ерекше болмақ. Біреу түсінер, біреу түсінбес, бірақ сәулет өнерінің де адамның сана-сезімімен үйлесім тапқаны жөн. Қалай дейсіз бе? Мысалы, қазір ауылдарда салынғанына елу-алпыс жыл болған ескі үйлер әлі бар. Бұл құрылыстарға бүгінгі көзбен қарасаңыз, еріксіз еңсеңіз түседі. Демек заман көшінен кейін қалып қойған осындай үйлердің орнына жаңа үйлер бой көтеруі керек.

Біздің ел құрылыс салудан ешкімнен кем түспейді. Алайда жүйенің дұрыс болмауынан салаға қатысты сын айтылып жатады. Бұл көбіне құрылысшы мамандардың кемшілігінен емес, бөлінген қаржының өз мақсатына жұмсалмай, жұмыс сапасына кері әсер етуінен орын алады.

– Біздің ең басты құндылығымыз – Тәуелсіздік. Осынау баға жетпес құндылығымызды баянды ету – бүгінгі және болашақ ұрпақтың парызы. Сондықтан Жаңа Қазақстан құру үшін қоғам талабымен ұдайы санаса отырып, оның ар жағында ұлттық санамызды жаңғыртып, рухани құндылықтарымызды қорғайтын жаңа заңдар қабылдау қажет. Елдің дамуы ең бірінші кезекте заман талабына лайық ақыл-сананың қалыптасуына байланысты. Бұл орайда отбасы тәрбиесі және білім сапасының маңызы ерекше. Әуелі ұлттық идеология жолға қойылса, әлеуметтік-экономикалық мәселелер өз-өзінен шешімін табады, – дейді Елтаңба авторы.

# Адалдық пен табандылық үлгісі

**Біз бүгін Сыр елінің дамуы мен өрлеу жылнамаларына өз қолтаңбасын өшпес әріптермен жазған айтулы азамат Жарылқасын Шәріпов туралы айтпақпыз. Жарылқасынның атасы Әлжан қарабайыр шаруа адамы болған. Өз әкесі Шәріп 1900 жылы дүниеге келген. Ұлы Отан соғысына қатысып, елге аман-сау оралып, көп жыл Қазалы ауданының мал шаруашылығында еңбек еткен.**

Sb Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы»

Бұл кісілердің атақонысы сағасын Сырдариядан алатын Ақсай арнасының жағалауы мен дария тасуынан пайда болған – Бозкөл. Жылда тасыған сумен толығып, лайланып, бозарып жататындықтан солай аталып кеткен. Бері келе дарияның тасуы сиреді ме, әлде көлге түсетін су басқа жаққа тартып кетті ме, әйтеуір Бозкөлдің өзі жоғалып, аты қалған.

Ақсайдың арнасындағы Шәріп отбасында дүниеге келген балалар шетіней бергесін, ауылдың сыйлы ақсақалдары соғыс кезінде дүниеге келген ұлға «Құдай осы баланы жарылқасын» деп есімін Жарылқасын қойған.

Ол кезде ауылдағылардың көбі зілмаңкеде тұрған. Бүгінгілер «зілмаңкенің» не екенін білмейді. Ол «землянка» деген орыс сөзінен шыққан атау, қазақша айтқанда жеркепе. Неге екенін қайдам, ауыл адамдары кепе дегеннен гөрі зілмаңке деуді оңай көреді. Зілмаңкедегілер қамысты тұтатып, үстіне жыңғыл, итсигек салып от жаққан. Сол бір заманның таңға жақын төрт бүктетіліп, тоңып оянатын балалары еңбеккеш болып өскен. Үйдің бар жұмысын солар атқарған. Үлкендермен ілесіп ауыр арқалап, кетпен шауып, мал баққан. Сондықтан олар сірі, қайсар, ойлы болып ержетті.

Жарылқасын мектепке барғанда бес жастан енді асқан екен. Бірақ басқа балалардан қалып қоюды намыс көріп, сабақты үлгеріп оқып кетіпті. Біресе Қуандарияға, біресе Қарақұмға көшіп жүретін қойшының баласы әке-шешесінен қалмай жүріп, бірнеше мектеп ауыстырған. Бір жылы Ақсай арнасы тасып, Сталин колхозының мектебін су алып кеткен. Сөйтіп, алты мектепте оқып, 10 класты Қазалы қаласындағы жетім балаларға арналған интернатта бітірген.

1958 жылы мектеп бітіргенде он бес жастағы Жарылқасынға аттестат алудың өзі бір уайым болыпты. Өйткені, туу туралы куәлікке шын жасы түссе, онда оны жоғары оқу орны алмайды. Сонда Ташаузда тепловоз машинисі болып істейтін Нұрғабыл ағасы келе қалып, ЗАГС бөлімшесіне барып, метрикесін өзгертіп берген. Сол кісі өте сымбатты, бойшаң, еңсесі тіптік жігіт екен. Оған қоса киген киімі де бөлекше. Сол кезде ешкімде бола бермейтін «коверкот» деген костюмі мен ақ көйлегі жас жігітті мүлде асқақ көрсетіп тұрса керек. Ол сонда хал-актілерін тіркеу бөліміне кіріп барып:

«Мына балаға метрике керек», – депті. Бөлімше қызметкері жас келіншек екен, орнынан атып тұрып, «Өзіңіз толтырып ала беріңіз», – деп таза метрикені қолына ұстатыпты. «Танитын жерде бой сыйлы, танымайтын жерде тон сыйлы» дегендей, Жарылқасын ағасының арқасында аяқасты 17 жастағы жігіт болып шыға келіпті.

Бұл әңгімелерді әшейін еске түсіріп отырған жоқпыз, бүгінде күллі ел атын сыйлайтын азаматтың жолы қандай ауыр болған. Сонша қиындықтарды жеңген жас онан кейінгі өмірдің бар сынынан да сүрінбей өткен. Оның бәрі – әрине, ата-анадан, өсіп-өнген ортадан алған қазығы мықты тәрбиенің жемісі.

Мектепті үздік бітірген Жарылқасын Ташкент ауыл шаруашылығын ирригациялау және механикаландыру инженерлері институтына түсіп, жоғары білім алған соң туған ауылына қайтты. Бала боп аттанып, маман болып келді. Жалғыз боп кетіп, жар тауып оралды. Қызылорда пединститутының түлегі Шәмшәгүл Жылқыбайқызымен бас қосты. 1963 жылы «Бозкөл» совхоздың машина-трактор шеберханасының меңгерушісі болып іске кірісті.

Сол кезде біз «шеберхана» деп қазақшалап жатпай, орыс тіліндегі «мастерской» атауын қолданатын. Совхозда 100-ден астам әртүрлі ауылшаруашылық техникасы бар. Ол техникалар тоқтаусыз жұмыс істегенде ғана шаруашылықтың бойына қан жүгіріп тұрады. Жүгері егу, мал азығын дайындау, шөпті 40-50 шақырым қыстауға тасып, тайлап жинау, малды көшіру – осының бәрі машина мен тракторсыз, ауыл шаруашылығы техникасынсыз атқарылмайды. Бейнелеп айтқанда машина-трактор мастерскойы – совхоздың жүрегі, ал, жүректі соқтырып тұратын – мастерской меңгерушісі.

Осылайша Жарылқасын Бозкөл машина-трактор мастерскойында 1 жыл 7 ай жұмыс істеп, 1965 жылдың сәуір айында аудан басшыларының ұйғаруымен Энгельс совхозының бас инженері болып тағайындалды.

Сол кездегі шаруашылық мамандарының жоғары оқу орнын бітіргендері некен-саяқ. Соны ескерген және жұмысының тиянақтылығын таныған аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Әбжәми Байшуақов жас маман Жарылқасын Шәріпті аудандық ауылшаруашылық басқармасының бас инженері етіп бекітті. Ауданда 16 шаруашылық болатын. Олар қажетті техникаларын, не қосалқы бөлшектерін дер кезінде ала алмаса, ол шаруашылықтың жұмысының іркілуіне әкеліп соғады. Осындай қиын міндетті жас маман ат үстінен түспей жүріп атқарды.

Сондықтан оны аудан басшылығы аудандық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының бірінші орынбасары қылып, тағы бір саты жоғары көтерді. Мұнан соң Энгельс совхозына директор болды. Сол кезде жиырма сегіз жаста екен. Оны бұл сенім биігіне әкелген адал еңбегі, ақиқатшыл мінезі болды. Дәл осы жас кезеңінде он мыңдаған мал бағып, жүз мыңдаған ақша ұстайтын совхоз басқару да бір, борап тұрған оққа қарсы бұқпай жүгірген солдат та бір. Алматыға, Орталық комитетке бекуге барғанында Мельник деген ОК хатшысының: «Саған директорлықтың керегі не?» – деп ежірейе қарағаны бар.

Жарылқасын шаруашылық жайын өзінің жай-күйіндей ұғатын, оған қоса қарапайым жұрттың тілін тауып, сырын түсіне білетін ілгерішіл басшы болды. Бұл біліктілігі оның қызметте онан әрі қарай өсу жолын қалыптастырды. Алайда, ол даңғыл жол емес-ті.

Шаруашылықтарды мамандандыру бойынша қой совхозы болып құрылған Энгельс енді күріш совхозына бейімделді. 1973 жылы шаруашылықтың қол жеткен табыстарына лайықты үлес қосқан совхоз күрішшілері мен механизаторлары мемлекеттік ордендермен, медальдармен марапатталды. Бірсыпыра озат еңбеккерлер меншігіне машина алуға қол жеткізді. Жарылқасын Шәріпов «Еңбек Қызыл Ту» орденінің иегері атанды.

1975 жылы қарашада аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы болып тағайындалды.

1986 жылы М.Горбачевтің қайта құру саясатына байланысты аудандық ауыл шаруашылығы басқармалары аудандық агроөнеркәсіп бірлестіктері болып қайта құрылды. Жарылқасын Шәріпов осы бірлестіктің бастығы болып отырды. Ал, 1988 жылы 6 наурызда облыстық Агроөнеркәсіп комитетінің бастығының материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі орынбасары болды.

1991 жылдың мамыр айында Қазалы аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, бюро мүшесі, аудандық Совет төрағасы бірнеше міндетті атқаруға кірісті. 1992 жылдың ақпанында республикадағы басқару құрылымдары өзгеріп, алғашқы аудан әкімі болып тағайындалды.

1994 жылдың сәуір айында облыс басшысы Сейілбек Шаухамановтың шақыртуымен Қызылорда қаласының әкімі болып тағайындалды. Жақын іздемей, жақсы іздейтін Сәкеңнің осындай ізгілігі болмысында бар.

Бұл уақыт жүйенің өзгеруі мен қаржыландырудың тоқтауына байланысты қаладағы мекемелер мен өндіріс орындарының жұмысы тұралап, жағдайдың экономикалық нашарлаған кезі.

Қаланың жағдайы мүлде ауыр. Көпқабатты үйлердің өжіресіндегі су бірінші қабаттағы пәтердің ішіне жайылып жатқанын көрді. Күні бойы қаланы аралап, кешке кеңсесіне келгенде әкімдік алдында қарақұрым жұрт топырлап тұратын. Бәрінің айтатыны бар, бәрінікі жетіспеушілік.

Сол қиындықтардан да бері өтті.

1996 жылдың 27 желтоқсанындағы облыс әкімінің шешімімен облыстық жылжымайтын мүлік орталығының бастығы болып жаңа қызметке кірісті.

1997 жылы тамызда мекеме Әділет министрлігі агенттігінің бағынысына өтіп, мекеме директоры болып қайта тағайындалды. Осы кезден бастап жұмыстың түрі де, көлемі де көбейді. Атап айтқанда, жылжымайтын мүліктерге техникалық төлқұжат дайындау, оның меншік құқығын мемлекеттік тіркеуден өткізу, сол мүліктерді нарықтық қатынасқа сәйкес және салық салуға байланысты бағалау, мүліктерді сату мен сатып алуды қайта тіркеу, мүліктерді кепілге қою, оларға сот шешімімен шектеу қою, яғни егесінің иелік ету еркінен айыру, заңды иелеріне мүлкінің бар-жоғы туралы анықтама беру – осының бәрі заңдармен бекітілген ережелерді басшылыққа ала отырып орындалады.

Осы жылдары барлық мәліметтерді компьютерге енгізу басталды. Ол жұмысты Алматы мен Астана қаласындағы орталықтар арнайы бөлінген қомақты қаржы көмегімен пилоттық жоба арқылы іске асырды. Жағадан алып, жекешелендіру жүріп жатқан кез. Бұл нәрсенің бәрі сауаттылық пен жауаптылықты қажет етті.

2003 жылы Қазалы ауданынан облыстық мәслихатқа депутат болып сайланды. Сайлау сессиясының шешімімен облыстық мәслихаттың тексеру комиссиясының төрағасы болды.

Депутат алдымен өзін сайлаған округтағы елді мекендер мен ауылдардың аса маңызды мәселелерін әкімдіктің сала басшыларына тиянақты, нақты, дәлелді ұсыныстарымен жеткізе отырып, қолдау тауып, оның сессияда оң шешіліп бекітілуіне ықпал етуі керек.

Депутат қызметтік лауазым емес, ол – мемлекеттік басқару орнындағы оны сайлаған халықтың өкілі. Үнсіз отырса облыстағы көптеген аудандар мен ауылдардың көлеңкесінде мәселені шешу кейінге қала береді. Қазақтың «жыламаған балаға...» деген мақалының мағынасы депутаттың ел алдындағы міндетін атқаруда анық ашылады.

Екі шақырылымға депутат болған Жарылқасын Шәріпов бар күш-жігерін қоғам мақсатына жұмсап, аманатқа адал бола білді.

Тағдыр бұл азаматты бірінебірі ұқсамайтын екі қоғамда өмір сүруге жазыпты. Сол өмірінде ол соңынан жақсы сөз ертті, жаны қиналса да, жүзін төмен салмады. Әр кезде әбжіл, қайраттың арынынан қайтпай, ақылдың арнасынан аспай еңбек етті.

Жақында мен ағаның үйіне барғанмын. Бір бөлмесінен көз жауын алған көрме жасапты. Небір әдебиет жауһарларын осы жерден табасыз. Мұнда өзі қызмет етіп жүрген кезде жаздырып алған газет-журналдардың тігіндісіне дейін сақталған. Бір қызығы, тәуелсіздік кезіндегі ағаны жиынға, мерекеге, тойға, асқа шақырған билеттер де қатталып қойыпты. Бұл енді ұқыптылық пен өзінің өмір тарихына деген құрмет.

Қаншама мұқтаждың зәруіне дәру болып, туған елінің әл-ауқатын, рухын түлеткен Жарылқасын аға жайлы айтатын сөз көп. Біздің сөзіміз адами болмысында адалдық пен табандылық үлгісін танытқан ұстынды ғұмырдың зырылдап өткізген кино таспасындай ғана бір көріністері.

# ЕРТЕҢ – СПОРТ КҮНІ

АУЫР АТЛЕТИКА

## Әлемдік биік әлі де бағына береді

Қазақстан, оның ішінде Қызылорда облысының ауыр атлетикадағы атағын тұтас әлем біледі. Кезінде Асқар Меңдияров, Илья Ильин, Алмас Өтешов, Александр Зайчиков секілді саңлақтар салған дәстүрлі жолды қазір талантты жастар лайықты жалғастырып отыр. Рахат Бекболат, Айзада Мүптілда, Айсамал Сансызбаева, Азамат Төлеген, Динара Қыпшақбай секілді спортшылар әлемдік додаларда олжа салып жүр. Биыл Өзбекстанның Ташкент қаласында өткен Азия чемпионатында олардың бірі жеңімпаз тұғырына көтерілсе, ендігі бірі жүлдегерлер қатарынан көрінді.

Ауыр атлетикадан облыс құрамасының аға бапкері Альберт Хакимуллин халықаралық деңгейдегі әрбір жарыстың аса тартысты өтетінін айтады. Әсіресе, мұндай үрдіс Азия құрлығында ерекше байқалады.

– Биыл өткен құрлықтық додадағы әрбір салмақта тартысты бәсеке өрбіді, – деді ол бізбен әңгімесінде. – Ол жарысқа қатысқан шәкірттеріме үлкен сынақ болды. Білгендей, үлкен дайындықпен бардық. Нәтижесі ойдағыдай. Шынын айтқанда, екі жыл бұрын әлемді жайлаған коронавирус спортқа біраз кедергісін келтірді. Біз соған қарамастан дайындықты тоқтатқан жоқпыз.

Оның айтуынша, құрлықтық додаға көптеген мемлекеттер мықты құрамын алып келген. Оңтүстік Корея, Үндістан, Вьетнам, Таиланд құрамалары өздерін жақсы қырынан көрсетті. Сондай-ақ, Түркіменстан және Индонезия ауыр атлеттері әрбір салмақта жүлделі орындарға таласты. Бұл алдағы уақытта сары құрлықта ауыр атлетикада бәсекесі күшейе түсетінін айғақтайды.

Алда ірі жарыстар күтіп тұр. Қыркүйек айында Қостанай қаласында ересектер арасында ел біріншілігі жалауын көтереді. Ал қазан айында Бахрейнде Азия біріншілігі болады. Ел құрамасының кеңейтілген тізімінде бес қызылордалық ауыр атлет бар. Биыл Колумбияда өтетін Әлем чемпионатында 2024 жылғы Париж Олимпиадасына жолдамалар сарапқа салынады. Сондай-ақ, қазан айында 17 жасқа дейінгі, қарашада 14 жасқа дейінгі жасөспірімдер арасында ел біріншілігі өткізіледі.

– Облыста ауыр атлетика жасөспірімдер арасында жаңа деңгейде шығып отыр. Жақында Семей қаласында өткен ел біріншілігінде ұлдар бес, қыздар екі алтын медаль алды. Осының өзі ізбасар буынның табанды беталысын байқатпай ма? Біз мықты әрі әлемді мойындатар спортшылар өсіп келетініне сенімдіміз, – дейді А.Хакимуллин.

СҰХБАТ

**Биыл Сыр спортында жетістік аз болған жоқ. Қызылордалық саңлақтар жаһандық бәсекелерде топ жарып, елдің мерейін асырып келеді. Бұл – жергілікті жерде аталған салаға жасалған үлкен қолдаудың нәтижесі. Бүгінде қай ауылға барсаңыз да, спорттық ғимараттар мен алаңдардың бой көтеріп жатқанын байқау қиын емес. Енді жас өрендер алысқа бармай-ақ өзінің ауылында сергектікті серік етуге мүмкіндік алды. Жергілікті спорт кешенінде білікті мамандар талантты шәкірттерін тәрбиелеуге жол ашылды. Осы орайда Спорт күні қарсаңында облыстық мәдениет және спорт басқармасы басшысының орынбасары Асылжан Жаманқұлмен аз-кем пікірлескен едік.**

## «280 мыңнан астам адам спортпен шұғылданады»

***– Қуаныштысы, кейінгі жылдарда өңірде спорттық ғимараттар қатары көбейіп келеді. Сол үлгілі үрдіс биыл да лайықты жалғасын тауып жатқан болар?***

– Расын айтсақ, бұл жөнінен еліміздің өзге өңірлеріне қарағанда ілгері тірлік бар. Жылма-жыл жергілікті жерде спорттық ғимараттар пайдалануға беріліп жатыр. Биыл «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында 7 спорт кешенін салу жоспарланған еді. Қазірге дейін оның 1-уі Қазалы ауданы Қ.Пірімов ауылында пайдалануға берілді. Енді жыл соңына дейін Арал ауданындағы Қамыстыбас және Аманөткел, Қармақшы ауданындағы Жосалы кенті мен Ақай, Жалағаш және Шиелі кенттерінде осындай ғимараттар игілікке қызметін бастамақ.

Ал, 2020-2021 жылдарда мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында Жаңақорған ауданы Төменарық, Қандөз, Әбдіғаппар, Жаңарық, Бірлік, Шиелі ауданындағы Керделі ауылдық округтерінде спорт кешендері іске қосылды.

Өздеріңіз білетіндей, бүгінде облыста теннис спорты жақсы дамып келеді. «Нұрсәт» теннис орталығының 4 жабық теннис корты ашылды. Сондай-ақ, жеке кәсіпкерлердің қаржысы есебінен Қызылорда қаласындағы «Ақмешіт» шағын ауданында «Naman ata» спорт кешені, Жалағаш кентінен жүзу бассейні пайдалануға берілді.

Алдағы уақытта облыста халықаралық талаптарға сай келетін спорт ғимараттарын салу ойда бар. Кейде республикалық жарыстарды өткізу барысында қиындық туындап жатады. Уақыт талабы тез өзгеруде. Сондықтан келешекте бассейн, күрес және ойын залы бар көп кешенді спорт ғимараттары бой көтергені дұрыс. Бұл жөнінде ұсыныс-пікірлерді жергілікті басшылыққа да жеткіздік. Болашақта қолдау табады деген үміттеміз.

***– Демек, бұқаралық спорттың жаңа кезеңі әрі халықаралық бәсекелер өткізетін соны мүмкіндіктер алда дейсіз ғой...***

– Шындығын айтқанда, ұзақ жылдар бойы өңірде спорт ғимараттарының тапшылығы құлашты кең жаздырған жоқ. Бұқаралық спорттың да серпін алып жатқаны енді ғана. Бүгінде есептеулер бойынша облыста 280 мыңнан астам адам дене шынықтыру және бұқаралық спортпен шұғылданады. Бұл – облыс халқының 34 пайызы. Ал 2020 жылы 31,3 пайыз болатын.

Өңірде спорт саласы бойынша барлығы 30 мекеме халыққа қызмет көрсетеді. Олардың 20-сы спорт мектебі, 2-уі жоғары спорт шеберлігі мектебі, 4-уі спорт клубы болса, бір-бірден олимпиадалық резерв даярлау орталығы, мұз айдыны, орталық стадион, мектеп-интернат-колледжі бар.

Жоғары білікті спортшылар және спорт резервін әзірлеу бағытында нәтижелі жұмыстар жүргізілуде. Бұл бағытта балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінде 21 мыңнан астам жас өрен шеберлігін шыңдап келеді. Айта кетерлігі, олар спорттың 48 түрімен шұғылданады.

Облыста биылғы жылдың алты айында 683 іс-шара ұйымдастырылып, оған 127 мыңнан астам адам тартылған. Оның ішінде 9-ы Қазақстан чемпионаты мен кубогы, 20-сы республикалық, 1-уі халықаралық турнир болса, қалғанын облыстық біріншіліктер құрайды.

Облыста 138 елді мекенде 282 спорт нұсқаушысы бар. Сол арқылы 42 мыңнан астам адамның дене шынықтырумен тұрақты түрде айналысуына қолайлы жағдай жасалды.

Айта кетерлігі, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша былтыр балалар мен жасөспірімдерді спорт үйірмелерімен қамту үшін облыстық бюджеттен 212 млн теңгеден астам қаржы қаралған. Нәтижесінде мұндай мүмкіндікке 2492 бала ие болды. Биыл олардың саны 7593 балаға жетіп отыр.

***– Жергілікті жанкүйерлер жылма-жыл қызылордалық жастардың ішінен жаңа есімдерді танып отыр. Жалпы қай спорт түрлерінен олжа қомақты?***

– Аймақта қазақ күресі жоғары деңгейде дамып келе жатқанын бәріміз білеміз. Облыс орталығы мен аудандарда білікті бапкерлер жемісті еңбек етіп келеді. Шеберлігі шыңдалған шәкірттер арасынан әлемдік және республикалық деңгейдегі турнирлерде үздік көрініп жүргені баршылық. Оның нақты дәлелі ретінде биылғы «Қазақстан барысында» топ жарған Мақсат Исағабыловты айтуға болады. Бұл турнирде осымен үшінші қызылордалық балуанымыз топ жарып отыр.

Сондай-ақ, дзюдодан Мағжан Шамшадин (60 келі) жақында елордамызда өткен Азия біріншілігінде қола жүлдегер атанды. Ауыр атлетикадан Айзада Мүптілда Ислам ынтымақтастығы ойындарында чемпиондық тұғырға көтерілді.

Жалпы алғанда, биылғы жылдың алты айында қызылордалық спортшылар Әлем және Азия чемпионаттарында 126 (48 алтын, 42 күміс, 38 қола) медаль алды. Ал ел біріншілігі мен кубогында 714 медаль қоржынға түсті. Өңірде биыл еліміздің 11 халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 42 спорт шебері, 429 спорт шеберлігіне үміткер дайындалды. Айта кетсек, еліміздің ұлттық құрамасы сапына қызылордалық 383 спортшы қабылданған.

***– Пікір бөліскеніңізге рақмет. Кәсіби мерекелеріңіз Сыр еліндегі әрбір спортшыға жаңа табыс бастауын ала келсін.***

– Рақмет.

Әңгімелескен
**Әділжан ҮМБЕТ,**
**«Сыр бойы»**

ДЗЮДО

## Белдескеннің белін қайыстырған

**Жапон күресі – дзюдо өзінің ұлттық ерекшелігін сақтаған, төрткүл дүниеге кең таралған жекпе-жек түрі екенін бәріміз білеміз. Ал өңірде аталған спорт түрінің шоқтығы биік. Бүгінге дейін бірнеше спортшымыз Олимпиада ойындарында дзюдодан ел намысын қорғады. Сол көп қараның ішінен Мағжан Шамшадин биыл үлкен белесті бағындырып, Загребте өткен Grand Frix халықаралық турнирінен жеңіспен оралды. Тіпті, Мағжан бұл жеңістен кейін араға 2 апта салып, Азия біріншілігіне қатысты. Одан да құр қайтпай, қола жүлдені қанжығасына байлады. Сөйтіп Париж Олимпиадасына бір табан жақындай түсті.**

**Sb Ақтілек БІТІМБАЙ,**
**«Сыр бойы»**



Қызылорда қаласында 1997 жылы дүниеге келген Мағжан Жалаңтөс баһадүр атындағы спорт мектеп-интернат-колледжін бітірген. Оның жеңісті жолы 2014 жылы жасөспірімдер арасындағы Гонконгта өткен Азия чемпионатында қола жеңіп алғанда басталған. Келер жылы Біріккен Араб Әмірлігінің астанасы Абу-Дабиде өткен жастар арасындағы Әлем чемпионатында топ жарды. Осылайша, 18 жасында әлем шыңын бағындырған балуан кейін де талайды тамсандырып, байрақты бәсекелерде атой салды. Әлемнің әр түкпірінде қазақтың Көк туын желбіретіп, Әнұранын шырқатты. Иә, халықаралық жарыстардың биік тұғыры Сыр балуандарына бағынбай жүргеніне біршама уақыт болған еді. Үзіліп қалған чемпиондықты ол қайта жалғады. Жанкүйерлер үшін бұл жеңістің құны сонымен өлшенсе керек.

– Биыл халықаралық жарыстарда бағым жанды. Жыл басында Израильде гранд сламда үздік үштіктен көрініп, қола жүлдені еншіледім. 60 келі салмақтағы бәсеке дзюдода өте жоғары. Әлемдік бәсекелерді есептемегенде ішкі біріншіліктің өзінде топ жару оңай шаруа емес. Бәсекелестің жоғары болғанының арқасында ысылып, оң нәтиже көрсетудеміз. Хорватиядағы байрақты бәсекеде әлемнің кіл үздіктері бақ сынады. Нәтижеге көңіл толды. Ендігі меже – 2024 жылы Парижде өтетін Олимпиада ойыны, – дейді балуан.

Айтпақшы, сөзімізге арқау болған байрақты бәсекеде 60 келіде 50-ге тарта татами шебері бақ сынады. Алайда Мағжан бұлардың көбісінің әдіс-тәсілдерін білетін болып шықты. Себебі біршамасымен әлемдік жарыстарда жолы түйіскен екен. Жарысты көгілдір экраннан тамашалағанда көрерменге де бұл айқын байқалған шығар. Әйтеуір, алғашқы айналымда Куба балуаны Форте Валдивзоны вазаримен ұтқан ол, екінші айналымда АҚШ балуанын тез тізе бүктірді. Үшінші айналымда Испания өкілі Бернабеу Риканы ұтып ширек финалға шықты. Мұнда түркімен балуаны Хакберді Жумаевты, жартылай финалда француздық Мерлин Максимені вазари әдісіне түсіргенде көрермен тақымын қысып отырды емес пе? Ал енді финал тартысты өтті. Балуанымыз ақтық сында Әлем чемпионатының 2 дүркін қола жүлдегері, Кореяның тәжірибелі балуаны Ким Вон Жинді жеңіп, Загребте жеңімпаз қатарынан көрінді.

– Спорт та жеңіс пен жеңіліс қатар жүреді. Биыл бақ пен бап қатар шауып, бәйге алдық. Айтайын дегенім, осы дәрежеге жетуіме септігін тигізген жаттықтырушы Қален Қалиұлына алғысым шексіз. Ендігі мақсат – Олимпиаданы көріп, ел қоржынына жүлде салу. Құдай қаласа, 2024 жылы Париж татамиіне қатысуға еңбек етемін. Бастысы, жарақаттан аман болайық, – дейді спортшы.

Иә, дзюдода рейтингі жоғары спортшының ғана Олимпиадаға жолы түседі. Балуандардың босаңдық танытуына болмайдыв. Мағжан енді осы үдеден сүрінбей шықса, байрақты бәсекеде ел абыройын асқақтатарына сенім мол.

# Өзі ауылда, шәкірттері ел чемпионатында

**Спорт – қиындығы мен қызығы қатар жүретін сиқырлы өнер. Бүгінде оны жанына серік етіп, ел намысын асқақтатып жүрген спортшылар жетерлік. Ал сол апайтөс балуандар мен тау көтерген толағай спортшылардың артында білікті бапкерлер тұратыны белгілі. Соның бірі – ауданнан ұзамай-ақ талантты жастарды қыран құстай баптап жүрген қазалылық бокс бапкері Азамат Құтпанбетов.**

**Sb Ақтілек БІТІМБАЙ,**
**«Сыр бойы»**

Бекарыстан би ауылында 1990 жылы дүниеге келген Азамат Сағындықұлы мектеп қабырғасында жүріп қазақша күреспен айналысты. Кейін осы қызығушылық оны спортқа алып келді. Нақтырақ айтсақ, Қызылорда қаласындағы «Болашақ» университетіне оқуға қабылданып, студент кезінде кикбоксингке ден қойды. Талай талантты бапкердің алдын көріп, тәлімін алған жігерлі жас аталған спорт түрінен республикалық, облыстық жарыстардың жүлдегері атанды. Сөйте жүріп, жаттықтырушылықтың да қыр-сырын меңгерді. Бұл – ол үшін үлкен тәжірибе болды. Осылайша, 2010 жылы аталған білім ордасынан денешынықтыру пәні мамандығын алып шықты.

Сол жылдан бастап ол туған топырақтағы ауыл мектебінде бапкерлік жұмысқа кірісті. Шәкірт тәрбиеледі және онысы тәуір нәтиже берді. Расында, соның әсері болу керек, мұндағы қырмызы қыздар мен жампоз жігіттердің жетістіктері ауыз толтырып айтарлықтай. Әсіресе, гүрзі жұдырықты боксшыларының орны бір төбе. Оның Жадырасын Сәбит, Нұрлыбек Хамит, Ержан Өтеміс және Жаннұр Әділбек сынды шәкірттері бокстан жасөспірімдер арасындағы ҚР чемпионатында топ жарды.

Осылайша, республиканы мойындатқан маманға небәрі бірнеше жылда жан-жақтан ұсыныс түсе бастады. Сөйтіп кейіпкеріміз 2015 жылы Әйтеке би кентіндегі №17 олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебіне бокс бапкері қызметіне орналасты. Жұмысына жан-тәнімен кіріскен Азамат аз уақытта жоғары нәтижеге қол жеткізе бастады. Мұнда оның Оңталап Ерхан, Мадияр Қалижанұлы секілді жеткіншектері республикалық ашық турнирлерде де атой салды. Бүгінде олардың жыл сайынғы түрлі байрақты додалардағы жеңістері мен жүлделері жұртшылықты қуантып келеді.

Бала күнінде көшедегі ойыннан спортты артық көрген Азаматтың бүгінде еткен еңбек, төккен тері ақталып отыр. Шәкірттері біршама белестерді бағындырып үлгерді.

– Табан ет, маңдай терің ақталып, оқушыларының биік белесті бағындырғаны кез келген ұстазды қуантпай қоймасы анық. Спорт мектебіндегі балалардың жұдырықтасу өнеріне деген ынта-пейілі ерекше. Жаттығудан қалмайды. Тапсырманы да тыңғылықты орындап отырады. Осындай жүйелі жұмыс болғанда ғана нәтиже күтуге болады. Алда енді әлемдік аренада ел мерейін үстем ететін азаматтар дайындау ниетіміз бар, – дейді тәжірибелі жаттықтырушы.

Баяғыда Арал теңізінің қойнауында Ахмет деген дәулетті, бай адам өмір сүріпті. Оның Анар, Жанар, Зере атты үш қызы болыпты. Үшеуінің де бойына Алла бір-біріне ұқсамайтын үш түрлі қасиет дарытыпты. Үлкен қызы Анардың дәмі тіл үйіретін алуан түрлі ас пісіретін аспаздығымен аты шыққа, ортаншы қызы Жанар он саусағынан өнері төгілген тігіншілігімен елге танылыпты. Ал, кіші қызы Зере болса әкесінің ат шаптырым ауласына лала гүлі жайнаған, бұлбұл құсы сайраған гүлзар бақ орнатқан, табиғатпен тілдескен тамаша қасиетімен көзге түсіпті. Әлгі дәулетті Ахмет бай қыздары ес білгеннен-ақ өзіндей терезесі тең байлармен құдандалы болып, қыздарын атастырып қойыпты.

Күндерден күн өтіп, қыздар кәдімгідей бірінен-бірі асқан сұлу болып бой жетіп, ұзатылар жасқа да келіпті. Бір күні Ахмет бай «Келіндеріңді алып кетіңдер» деп құдаларына хабар беріпті. Көп кешікпей тарту-таралғысымен, артынып-тартынып, үш жақтан үш құдасы да керуендетіп келіп жетеді. Жасына қарай алдымен үлкен қызы Анар ұзатылады. Ол той дастарханының бар мәзірін өз қолымен дайындап, дәмі тіл үйірген тағамдарымен құдаларының көңілінен шығады. Ортаншы қыз Жанар қонақтарға көзге көрінбейтін жібек жіппен зерлеп тігілген қамқа тон, құндыз бөрік сыйлап, ол да ерекше көрініпті. Енді кіші қыздың кезегі келеді. Зере өзінің күйеу жігітінен бастап барлық құдаларға бір-бір гүл, бір-бір бұлбұл сыйға тартады. Не киер киім емес, не ішер ас емес қолдарындағы бір-бір гүл, бір-бір бұлбұлдарымен не істеп, не қоярын білмей аңтарылған құдалар «Бұл не қылған мазақтары» деп әбден ашуға мініп отырады.

Құдалардың жағдайын білуге қыз әкесі келгенде бас құда орнынан буырқана тұрып:

– Атам қазақ гүлдің түбі шөп деген, құстың түбі бір асым ет деген. Бір қолымызға гүл, бір қолымызға құс беріп қақшитып отырғызып қойған бұл не қорлықтарың. Біз мұндай мазақтарыңа көнбейміз, кетеміз, – деп ашуға мініпті.

Бұған не дерін білмеген қыз әкесі:

– Айтқандарыңызға құлдық, сәл сабыр етіңіздер, бұған қызымыздың өзі жауап берер, – деп қызын шақыртыпты.

Сонда Зере:

– Құрметті құдалар, сіздер мені дұрыс түсінбеген екенсіздер. Қолдарыңа гүл бергенім – ертең барғанымда елдеріңді гүлдей жайнатамын, ал құс бергенім – көңілдеріңді осы бұлбұлдай сайратамын деген тілегім еді. Мені әлден түсінбесеңіздер, келешек келін болып та келіспеспін. Мен сіздерге лайық емес екенмін, одан да бас бостандығымды беріңдер! – деп отау үйіне кіріп қайтып шықпапты.

Келіннен де, сөзден де жеңілген құдалар кешірім сұрап қаншама барғанымен қыз келісімін бермейді. Сөйтіп бұл құдалар еліне келінсіз бос қайтады. «Құдалықтан айырып, халқыма мазақ еттің» деген Ахмет бай да қызына ашулы күйде қалады.

Күндерден күн өтіп жатады. Зере болса сол баяғы қалпы, солған гүл, шөлдеген шөп көрсе су құйып тірілтеді. Қанаты сынған құс, аяғы сынған аң көрсе соны ұстап емдеп, сауықтырып жібереді. Осылай ертелі-кеш құстармен сөйлесіп, гүлдермен сырласады. Бұларға шын беріліп кеткені сол, өзге дүниеге көңіл де аудармай, үйін де, әке-шешесін де ұмытып кететін. Зере өте сезімтал, табиғатпен біте қайнасқан, бір тылсым күштің иесі еді. Оның бұл қасиетін ешкім білмейтін. Содан да болар бертін келе кейбіреулер «Ахмет байдың қызына даланың салқыны тиіп, гүл мен құсқа әуейі болып ақылесінен ауысайын депті» деген сөздерді де айтатын болыпты.

Осыны естіген Ахмет бай бір күні отырып: – «Ахметтің ақылынан адасқан қызы» дегенді естігеннен өлгенім артық. Бұл қыздың жаман аты жайылмай тұрғанда оны бір жерге апарып тастайын. Қалай өмір сүріп, қалай адам болар екен, сөйтіп бір сынап көрейін, деген тоқтамға келеді. Сөйтеді де қызының қажетті заттарын алдырып, қасына үш жалшысын қосып, үлкен кememен Ұлы теңіздің қиырындағы адам аяғы баспаған бір аралға әкеліп тастайды. Әкесінің ауласынан жүз есе үлкен, неше түрлі аң-құс мекендеген ну жынысты, айналасын ұлы теңіз қоршаған қауіпсіз мына үлкен аралға қожалық еткеніне Зере қатты қуанды. Келу бойына жалшыларымен жедел іске кірісіп, өзімен бірге ала келген жеміс-жидек, бау-бақша, алуан гүлдердің дәнін егіп, бұлбұл құстарын еркіндікке жіберіп, елсіз аралға жан кіргізіп, ажарландыра түседі. Биік төбенің баурайындағы көмілген бұлақтың көзін ашып, суы тұщы көрікті көл жасайды. Теңіздің ащы суынан жеріген аралдың аң-құстары бұлақтың балдай тәтті суынан мейірлене ішіп, аққу-қаздары айна көлде еркін жүзіп, жан рахатына бөленеді. Жеміс бағы жайнаған, бұлбұл құсы сайраған аты жоқ арал аз уақытта дертке дауа, бойға қуат, жанға рахат берер жұмақты мекенге айналады.

Ахмет бай болса ата-анасынан гүл мен бұлбұлын артық көретін ақылсыз қызының ертеңін ойлап ауыл-аймаққа: «Кімде-кім менің қызыммен көңілі жарасып, тұрмыс құрамын десе кәрі-жасына қарамай бәріне де рұқсат беремін» деген тілегін таратады. Байдың тегін қызынан кім тартынсын, бұл хабарды естіген өңірдің батыры да, пақыры да желкенді қайықпен желдей есіп, белгісіз аралды бетке алыпты. Бірақ қаншама адам ол жаққа кетсе де, олардың бірде-бірі қайтып оралмапты. Сөйтіп, ол арал келе-келе «Барсакелмес» атанып кетіпті.

Теңіздің түбіндегі балықшы ауылда бір шал-кемпірдің үш баласы болыпты. Солардың үлкені «Барса келмейтін бұл неткен арал? Мен қайткенде де ол аралға барамын. Зере сұлуды қалыңдыққа аламын, әрі ол жаққа кеткен ауылдастарымының өлі-тірісін біліп қайтамын» деп, әке-шешесінен рұқсат алып, қайығының желкенін көтеріп, теңізбен жол тартыпты.

Ал желкенді қайықпен бір адамның келе жатқанынан Зере сұлу да хабардар болады. Әдеттегідей алдынан шығып, жігітке гүл мен бұлбұл сыйлап құрметтеп қарсы алады. Бірақ, ашулы апайтөс ауыл жігіті Зеренің гүлі мен бұлбұлына көз қиығын да салмай: «Маған тек сен керексің. Сол үшін де міне, мен келіп тұрмын. Енді сен мендіксің» деп Зеренің ақ білегінен шап беріп ұстап жібермейді. Осы сәтте Зере өзгеше бір белгі беріп еді арыстаны ақырып, жолбарысы атылып жетіп келеді. Зәре-құты қалмаған әлгі жігіт жер бауырлап жата қалады.

Сонда Зере:

– Жігітім, мен іздеген адам сен емес екенсің. Маған жар болу түгілі, алдымен қызметшім болуға жаралғаныңа шүкіршілік ет. Сенің қатарың анау жақта, – деп жұмыс істеп жатқан жалшы жігіттерін көрсетеді. Барып қараса бәрі де баяғы Зере сұлуға үйленемін деп үміттеніп келген ауылдастары екен. Олардың амандығына көзі жетіп, қуанып қауышады.

Қаншама күндер өткенімен, үлкен ұл қайтып оралмайды. Ағасының хабарсыз кеткеніне қатты күйінген ортаншы ұл «енді менің кезегім» деп ол да желкенін көтеріп, теңізге түседі. Бірақ бұл жігіт те ағасының кебін киіп, Зеренің көп қызметшілерінің қатарына келіп қосылады.

Теңізге телміре қараумен талай күндер өтеді. Екі ағасынан да еш хабар келмейді. Енді кенже ұл – Төренің кезегі келеді.

Бірақ әкесі:

– Айналайын, балам, ол аралды халық «Барсакелмес» деп тектен-тек айтпаған. Ол жаққа кеткен адамдардың бүгінге дейін бірде біреуі қайтып келген емес. Ай-күннің аманында екі ұлымнан айрылдым, енді сені жоғалтсақ, қартайған біздің ертеңгі күніміз не болмақ?! Ауылдың беткеұстар азаматтарының бәрін сол арал алып тынды. Енді елге ие болар сенен басқа адам қалған жоқ. Райыңнан қайт, – деп қанша ақылын айтып, жалынғанмен кенже ұлы келіспепті.

Ақыры әкесінің ақ батасын алып, ақ желкенін көтеріп, «Барсакелместі» бетке алып сапар шегеді.

Ақ желкенді қайықтың келе жатқанын алыстан аңғарған Зере сұлу қонақты қарсы аулуға кіріседі. Ұлы теңіздің сонау түбегінен арып-ашып келген жігітті әдеттегідей алқызыл гүлмен, бұлбұл құсымен қарсы алады. Гүлін жүрек тұсына қадап, бұлбұлын иығына қондырған кенже ұл иіліп ілтипатпен сәлемдеседі. Өзінің сый-құрметін ойдағыдай қабыл алған жігітке риза болған Зере сұлудың көңіліне қуаныш, көзіне күлкі үйіріліп қонағын салтанатты сарайына алып келеді. Арман-тілектері жарасқан, сағынысып қауышқан екі жастың әңгімелері әсте таусылар емес. Зере сұлу болса әкесінің ашуымен осы аралға әкеліп тастағанын, өзіне талай жігіттердің үмітпен келгенін, бірақ бірде-бірі жан сезімін түсіне алмағанын, сондықтан да оларды туған жердің тікенді шөбінен бастап торғайына дейін жанашыр болуға үйрету үшін бағбандық жұмысқа салып қойғанын да әңгімелесе, жігіт солардың арасында өзінің де екі ағасының барын айтып, біраз күлісіп шер тарқатады.

Зере мен Төре қосылып, аралды бұрынғыдан да абаттандыра түседі. Қырында құлан мен бөкені жосыған, қопасында қабылан мен барысы мекендеген, тоғайында сан алуан құстар сайраған, бау-бағында хош иісті гүлдер жайнаған бұл арал бейне бір жұмақ мекенге айналады. Тіршіліктің түтінін көрген теңіздің жолаушы кемелері де енді бұл аралға соқпай кетпейтін болды. Кеме тоқтайтын айлаққа аяқ басқаннан-ақ аралдың жұпар ауасы бойға қуат, дертке дауа дарытып, жан рахатына бөлейді. Жұмақты мекенге айналған аралдың аты алысқа тарап, естіген ел сол араға барса екен, барсақ екен деп армандайтын болыпты. Содан болар бұл арал келе-келе бұрынғыдай «Барсакелмес» емес, барса келетін, халық «Барса екен, барсақ екен» деп армандайтын «Барса» атанып кетіпті.

Осындай табиғатын түлеткен жұмақ аралда өмір сүретін Төре мен Зеренің де үйленер шағы келіпті. «Әкемді ренжітіп кеткен едім, бүгінде ол қандай күйде екен. Елге барайық. Әкемді риза етіп, қолынан ұзатылайын» деген Зеренің тілегін Төре де қабыл алыпты. Сөйтіп, үлкен кеме соқтырып, Төре мен Зере барлық қызметшілерімен елге бет алады. Зере алдымен әкесіне бір хабар беру үшін өзінің бұлбұлын ұшырып жібереді.

Бұл кезде Ахмет бай кәрілікке бой алдырып, ауру айналдырған, Зереге деген сағынуынан сарғайып, төсек тартып жатқан еді. Көзі ілініп кеткен екен ақ желкенін көтерген алып кememен тау толқындарды қақ жарып, жанында жүзінен нұр төгілген жігіті бар, айдай жарқырап Зере қызы жүзіп келеді. Ояна келсе түсі екен. Жастығынан жандәрмен басын көтерсе құлазыған бағынан бір бұлбұлдың таныс үні құлағына келеді. Терезеден қараса, сайрап тұрған Зеренің бұлбұлы. Қуанғанынан: «Кемпір, а кемпір, Зере қызым келе жатыр ғой, қарашы» деп айқай салады. Шынында да ақ желкенді үлкен кememен жүзіп келе жатқан Зере сұлу еді. Алыс-жақын ауылдардағы бүкіл халық Зерені құрметтеп күтіп алуға жағалауға жүгіреді. Олардың арасында «Барсакелмеске» аттанып, қайтып оралмаған жігіттердің де ата-аналары болатын. Аман-сау қауышқандарына бәрі де қуанысып, той-думан жасайды.

Зере әкесіне келіп, сәлем беріп, басынан өткен барлық мән-жайды асықпай баяндап береді. Өз теңін тауып, елсіз аралды ел таңданатындай жұмақ мекенге айналдырған қызына риза болған Ахмет бай оның бар тілегін орындап, Төреге Зере сұлуды өз қолынан той жасап ұзатыпты. Осылайша екі жас өздерінің жұмақ аралдарында өле-өлгенше бақытты өмір кешіпті.

Бұл – ақиқат па, әлде аңыз ба, ол жағы белгісіз, анығы біздің аталарымыз осылай деген. Бірақ, Зеренің «Барсакелмес» атанған аралы Арал теңізінде әлі бар. Аты аңызға айналған аралға бүгіндері Зеренің мұрагер сіңілілерінің бірі Зерде сұлу билік құрып, жер жәннатына айналдырып отырған көрінеді. Содан да болар естіген жан бұрынғыдай «Барсакелмес» демей «Барсаға» барсақ екен» деп күні бүгінге дейін армандап келеді екен.

## Кешірілген жаза

Бұлар – Әзөк, Жагон, Мико, Сакон есімді бір көшенің бірге өскен балалары болатын. Өміртайдан өзгелері аттарына ерекше екінші есім еншілеп алған, осы көшені ұстап тұрған белсенділер еді. Солардың ішінде ең пысықайы, әрі сотқары орыс мектебінде оқитын Жагон.

Бесінші сыныптан кейін Өміртайды атасы мұсылмандық, имандылықты үйренсін деп қаладағы орталық мешітке оқуға тіркетті. Күнделікті сабақтан кейін балалардың бірі спорт мектебіне, енді бірі әуез мектебіне барып жүрсе, Өміртай имандылық мектебі – мешітке келіп араб тілі әріптерін үйреніп, мұсылмандықтан дәріс алып жүрді.

Бәленің бәрі осыдан басталды. Мешітке барып жүрген Өміртайды балалар «молда, молда» деп мазақ қылатынды шығарды. Өйткені, Өміртай бұрынғыдай балалармен еркін ойнамайтын. Біреуге ауыр сөз айтпайды, ешкімге тиіспейді. Өзін біреу қатты ренжітсе «Құдай жазаңды берсін» дегеннен әріге бармайтын. Ал, балалар Өміртайдың күрт өзгерген мінезін қызық көретін. Оқудан қайтып келе жатқандарында олар Өміртайға әдейі соғып кетеді немесе қақпақылдап біріне бірі итеріп жібереді. Санасына имандылық пен ибалық сынадай сіңген Өміртай оларға алара бір қарап: «Құдай жазаларыңды берсін» деп жөніне кете беретін. Мұндайда Жагон құтырынып шыға келеді:

– Мына қара, «Құдай жазаңды берсін» дейді. Құдайың қане, жазаңды бергізші, – деп Жагон тағы бір түйіп қалды. – Құдай жоқ қой, жоқ. Жоқ Құдай қалай жазалайды. Одан да сен бізді де ұрсайшы бүйтіп, – деп Жагон тағы бір түйіп жіберді.

Өміртай орыс мектебінде оқитын Жагонның мына қорлығына сазарып жарылардай болып келе жатты. Сөйтті де:

– Құдай жазаңды берсін, – деп қаттырақ жүріп, балалардан озып кетті.

– Айттым ғой ұра алмайды деп, ұра алмайды. Әй, молда, жазалайтын Құдайың қайда? Ха-ха-ха, – деп Жагон мазақтап күліп қалды.

Өміртай достарының мына қылықтарына қатты ренжіді. Әсіресе, Жагонға. Бір көшенің бойында бірге өсті, бірге ойнады. Жазығы мешітке барғаны ма. Сондықтан барынша олардан бөлек жүруге бейімделе берді.

Тағы бірде мешіттен қайтып келе жатқанында Жагондармен кездесіп қалды.

– Сәлем, «молда», – деп амандасып жатыр олар. Өміртайдың да енді лақап аты пайда болып, «Молда» атанып кеткенді. Бұлардың тағы да мазағына қалмайын деп бөлектеніп кете барып еді.

– Мына молдаң жүргіш қой, – деген Жагон аяғын арынан шалып қалғаны сол Өміртай сүріне жолға тізерлей құлады. Үстін қаққылап түрегелген ол Жагонды отты көзімен атып: «Құдай жазаңды берсін!» деді.

Жагонға да керегі осы сөз еді.

– Әне, молда осы сөзден басқаны білмейді, попугай ғой, – деп келекелеп күле берді.

Жагонның мына қылығына Өміртайдың ашуы алқымына тіреліп, көзіне жас алып келе жатқаны сол еді, біреудің бас киімін жұлып алып қашып бара жатқанында артындағы жеңіл автокөлікке соғылып, анадай жерге ұшып түскенін байқады. Қараса Жагон. Асфальт жолдың бойында ес-түссіз жатыр. Балалар жүгіріп жетіп келді. Кабинадан атып шыққан жүргізуші жігіт Жагонды көріп еді, тірі екен. Дереу құшағына алып, машинесінің артқы орындығына жатқызып ауруханаға ала жөнелді.

Ал, балалар бұл хабарды ата-анасына айту үшін Жагонның үйіне қарай жүгірді.

Ертеңіне балалар Жагонның орталық аурухананың хирургия бөлімшесінде жатқанын білді. Кешкілік Әзөк, Мико, Саконмен бірге Өміртай да Жагон жатқан палатаға келді.

Сынған қолы гипстеліп, басы таңылған Жагон бұларды үнсіз қарсы алды. Бір-бірлеріне не айтарын білмей бір сәт тұрып қалғанында Өміртай:

– Жагон қалайсың? – деді.

Бәріне өзі кінәлідей сезінген Жагон жайменен:

– Жақсымын, – деді.

«Жагон, мені кешірші, мен саған ылғи «Құдай жазаңды берсін» деуші едім. Содан болды ма, кінә менен, кешірші» деген сөзді Өміртай ішінен қинала қайталаса да дауысын шығарып айта алмады.

Ал Жагон болса: «Өміртай, кешірші мені, саған қаншама қиянат жасағанымда «Құдай жазаңды берсін» деген сөзіңді мазақ қылушы едім. Бұл сол Құдайдың жазасы шығар. Кінә менен, сен мені кешір!» деген алқымына тіреліп, айта алмаған тілегін іштей қайталап, Өміртайға кінәлі адамдай жалтақ-жалтақ қарай берді.

Жагон досының жан күйзелісін жаутаңдаған жанарынан ұққан Өміртай одан әрі шыдай алмады.

– Жагон, кешір мені, – деді.

Осыны күткендей Жагон да:

– Жоқ, Өміртай, сен мені кешір, бәрі менен болды ғой, – деп досына қолын ұсынды.

Міне, қолдың бес саусағындай біріккен – Әзөк, Жагон, Мико, Сакон, Молда жарасымды әзілмен өздерінше көшені жарып келеді. Жагон тән жарасынан да, жан жарасынан да жазылған. Жылы жүзінен айналасына имандылықтың нұрын шашқан Өміртай орталарында ерекше көрінеді.

## Атасының кішкентай «пірі»

Күз кезі. Қарашаның қары әлі жаумаған. Күзгі қоңыр салқын түскелі үйлерде пеш жағатын қыс айының қарбалас тіршілігі қайта басталған кез еді.

– Атасы, – деді ерте оянған Мағжанның әжесі балталап сындырылған жыңғылды ошаққа біртіндеп салып, маздата жағып, – өткендегі отын таусылайын депті. Бүгін жыңғылға бармасаң болмас.

Әжесінің дауысынан Мағжан да оянып кетті. Атасымен бірге ол да ерте тұрып жуынып, дастархан басына отырып, ертеңгі тамағын ішті.

Көл жағасынан жыңғыл әкелуге дайындалған атасына:

– Ата, жыңғылға мен де барайыншы, – деді.

– Тоңып қалмасаң жүре ғой, айналайын, – деді атасы.

– Тоңбаймын.

Қалың киініп алған Мағжан атасына ілесіп көл жағасындағы қалың жыңғылға келді. Атасы беліне бірнеше орап байлап алған кішкене арқан жіпті шешіп, жерге ұзынынан созып тастады. Сөйтті де балтасын алып, қу жыңғылды таңдап, түбінен шаба бастады.

– Мағжан, сен қарап тұрма, жұмыс істемесең тоңып қаласың. Менің шапқан жыңғылымды шетінен біртіндеп тасып, міне, мынандай етіп сала бер, – деп өзі әкелген жыңғылды арқан үстіне кеселеп жатқызды.

Осылайша атасы мен немересінің отын шабу жұмысы қызу басталып кетті. Іске кіріскен Мағжан атасы шапқан жыңғылдарды біртіндеп тасып, жіптің үстіне әдемілеп тастай берді, тастай берді. Соңынан атасы да көмектесіп, екеуі жабылып үлкен бір арқа жыңғыл шапты.

Жыңғыл тасып, жұмыс істеп, атасына көмектескен Мағжанның қуанышында шек жоқ. Құжыраңдай қимылдап, атасына мақтана қарай береді.

Арқан үстіне жиналған жыңғылды тізесімен сығымдай қысып байлаған атасы арқалауға кірісті. Жыңғылға арқасын бере тізерлей отырып иығына асқан арқанның ұшын қолына екі-үш рет орап алып: «Ауып, пірім!» деп ұмтылған атасы орнынан тұра алмады. Аузын ауаға толтырып, «ауып, пірім» деп тағы ұмтылып еді, жыңғыл арқасына дұрыс түспей тағы да көтеріп кете алмады. Артынан біреу кішкентай демеп жіберсе арқалап кете алатын түрі бар. Тек арқасына түсіп, тұрып кетсе болды, үйге апару түк емес.

Қанша «ауып, пірім!» деген атасы бір өзінің шамасы келмейтінін сезіп:

– Мағжан, – деді, – келші, көмектесші. «Ауып, пірім» дегенде жыңғылдың артынан көтер, ұқтың ба?

– Иә, ата, көтерем, қане, – деген Мағжан бір арқа жыңғылдың астына қоянның көжегіндей кіріп кетті.

Атасы «ауып, пірім!» деп көтерілуге ұмтылғанда Мағжан да атасы сияқты бойына бар күшін жинап «ауып, пірім!» деп жыңғылдың астынан сығымдай ұстап көтере берді. Сол сәтте атасы тәлтіректей орнынан көтеріліп, отынды бір сілкіп, арқасына ыңғайлап салып алды да, үйге қарай жолға түсті.

Немересінің көмекке жарағанына қуанып қалған атасы:

– Сен менің кішкентай «пірім» екенсің ғой, – деді.

– Пір деген не? – деді бұл сөздің мәніне түсінбеген Мағжан сәл ойланып.

– «Пір» деген аруақ, алапат күш. Жаңа мен мына бір арқа жыңғылды көтеруге күшім жетпеп еді, сен келіп көмектестің, маған күш-қуат бердің. Енді сен менің кішкентай «пірімсің».

Осы сәтте мақтауға масаттанған Мағжанның бойында бір алапат күш пайда болып, өз денесіне өзі сыймай келе жатты. Өйткені ол бүгіннен бастап әркез қиналғанда көмек беретін атасының кішкентай «пірі».

**Жұмабай ЖАҚЫП**

**«Егемен Қазақстаннан» бастап облыстық бас басылым «Сыр бойы», аудандық газеттер, әлеуметтік желі мақалалар жариялап, әңгіме арқауына айналған тақырып Мұңайтпас Лапин және оның ұрпақтары жайлы болды. Қоғамдық пікір тудырған бұл мақалалардың барлығына дерлік ортақ ой – Мұңайтпас Лапиннің қорымының қараусыз қалып, басындағы белгінің тозығы жетіп, құлау халінде екендігі. Ағайындардың көңілін күпті еткен мәселе оңынан шешіліп, Мұңайтпас қорымына белгі орнатылып, өткен тарихты жаңғыртуға бағытталған жұмыс басталып кетті.**

# Алаш ардақтысы Мұңайтпас Лапин және оның ұрпақтары

Елі есімін білгенімен, саяси қайраткерлік бағасы айқындалмай жүрген әулеттің бірі – осы Лапиндер әулеті. Жоғарыда аталған белгіні орнатқан әулеттің ақсақалдары бас болып осы қорымда жерленген Мұңайтпас Лапұлына, оның бауырларына Құран түсіріп, ас берді. Асқа облыс көлеміндегі ағайындары мен аудан әкімшілігінің өкілдері, көрші ауыл ақсақалдары қатысып, пікір білдірді. Асқа Қарағанды, Астанадан келген Мұңайтпасұлы Сейдәлінің шөберелері Жанна Сейдалина, Назар Сейдалин мен өлкетанушы, жазушы Сағат Жүсіп және т.б. қатысты. Осы тақырыпта баспасөз беттерінде бірнеше мақала жариялаған – Ләззат Арысбаева, әулет ұрпақтарының бірі – Нұржамал Мырзамұратова, Мұңайтпастың жиені Сәуле Құлахметқызы Қожықова мен музей қызметкерлері жинақтаған мәліметтер мен естеліктер тінін жалғай отырып, Мұңайтпас Лапин және оның ұрпақтарының қазақ оқу-ағарту, мәдени, саяси өміріндегі орнын айқындауға тырысып, қолға қалам алдым.

Төңкеріске дейінгі Перовск уезінің Кеңтүп болысына қараған қазіргі Бесарық, Қоғалыкөл ауылдарының аумағында Лапиндер әулетіне байланысты жер атаулары көптеп кездеседі.

Төрт түлігі сай Қалқаман сумұрын Лапыда көпке дейін бала болмай қабаржып жүретін. Қорасанға қой айтып, ақсарбас атап, әулие жағалап жүріп Мүлкілан әулиеден аян болып, екінші жарынан 1835 жылы Мұңайтпас атты ұл дүниеге келеді. Ат арқасына мінген Лапының Мұңайтпасы еті тірілігінің арқасында ел басқару ісіне ерте араласады. Көршілес өзбек, орыс елдерімен арадағы керуен жолдарына керуенбасы болып, сауда-саттық жасап тәжіриебе жинақтаған Мұңайтпас елін егін шаруашылығына, отырықшылыққа бейімдеген.

Көне тарих Торанғылсай деп таныған Жаңадарияның оңтүстік беті, Қызылқұмның етегінде Мұңайтпас аталатын алқап пен ондағы «Алақашар» көлдер жүйесі осы Мұңайтпасқа байланысты атаулар.

Бірде Бердіқожа сумұрын Өмірбек би мен Қалқаман сумұрын Мұңайтпас екеуі арасында жер дауы болып, биге жүгінеді. «Осы өлкеге кім су шығарып игерсе, сол жерге иелік жасасын», – деп пәтуа етіледі.

Батысқа қарай ағып жатқан Торанғылсай арнасынан саға тартып Мұңайтпас бастаған азаматтар мен мұрабы құрлыққа су шығарып, өзектің ағысына қарама-қарсы бағытта он-он бес шақырымға созылған су сайсаланы қуалап көл пайда болады. Су сағасына құрбандыққа шалынған мал алақашар екен, сол малдың құрметіне жаңадан пайда болған көлде «Алақашар» көлі аталып кетеді. Ол кезеңде малды байлар жаз жайлау бетпақ даланы көктей өтіп, Арқаға дейін жайлайды. Мұңайтпас, «Алақашар» маңы Мұңайтпастың жатақтарының жаз жайлауы, көл тасып су шайған жерге арпа, бидай, тары ексе, жылға бойына қауын, қарбыз егіп, қалың қамыс құрағын шауып, қысқа қор жинайды. Бірде қолы жомарт Мұңайтпас нөкерлерімен бірге жатақтардың жай-күйін білмекке жер шолып келе жатып қалың нудың арасынан «әуп, әуп» деп кетпен шапқан дыбысқа бұрылып барады. Өзімен құрдас бір жатағы тырдай жалаңаш қалыңды ашып, бақшалық жер дайындап жатыр екен. Мұңайтпас сонда:

– Құрдасым-ау, тырдай жалаңаш не іс қылып жатырсың? – дейді. Құрдасы оған:

– Тән жараланса жазылар, дамбал жыртылса, ондай киім қайдан табылар? – деп жауап қатыпты. Мұңайтпас үйіне шабарманын жіберіп, жатақ құрдасына бір көрім киім алдырып, бастан-аяқ бойын бүтіндеп берген екен. Күні кешеге дейін айналасынан атты адам көрінбейтін қалың қамысты, нулы – Қоғалыкөл, Бесарық – халқының малына қыста пана, жазда жайылымдығы болған шұрайлы өлке. Осы Қоғалыкөл ауылы іргесіндегі «Хан ағашы» аталатын жерде өткен ғасырдың басында Сыр өңіріндегі төңкеріске дейінгі алғашқы еуропалық үлгідегі мектеп ашқан да осы Мұңайтпас Лапин болатын. Аталас ағайыны Тыныштықбайұлы Бәлтік 1906 жылы мешітін болыс Мұңайтпастың тапсырмасымен салдырған еді. Елі үшін еңбегі сіңген азамат қандай қоғамда болса да мерейі үстем, елге қадірлі. 1890-1896 жылдары халық соты, 1896-1906 жылдары Перовск уезінің Кеңтүп болысының болысы болып, Ресей патша ағзамының күміс медалімен және Анна лентасымен марапатталады.

Малы мен жанына береке дарыған Мұңайтпастың үш әйелі Бозша, Рзақия, Хадишадан тараған 19 ұл-қыз осы өлкеде ер жетіп, Алашқа қызмет ету үшін әлемнің түкпір-түкпіріне тарап жатты. Заманның ағымын аңғара білген сұңғыла жан Мұңайтпастың балалары алды Алмания, Ресейде білім алған, барам деген жеріне барған, алам дегенін алған, кілең «Сен тұр, мен атайын», атпал азамат болып өсті.

Мұңайтпастың үлкен ұлы Әлиасқар Лапин 1865-1918 жылдары өмір сүрген. Ол білімі мен сауаты бір басына жететін қайырымды жан болыпты. Сырдария облысы әскери губернаторының 1912 жылы 13 қазандағы генерал-лейтенант Галкин қол қойған Перовск уезінің канцелярия бастығы Әлиасқар мен оның хатшысы Әлиакбарды қызметтен босату туралы бұйрығы осы сөзімізді дәлелдегендей. Ал 1918 жылы 5 қаңтардағы Түркістан республикасы Халық Комиссарлар Кеңесіне жолдаған Перовск түрмесінде жазықсыз жапа шегуші 20 тұтқынның атынан өз қолымен орысша өте сауатты жазылған Әлиасқардың өтінішін әпербақан Гержот қаперге алмастан, оны ағасы Сейдәлімен бірге аттырып жібереді.

1871-1918 жылдары өмір сүріп, кейін әкесінің орнына Кеңтүп болысының басқарушысы, болысы да болған Сейдәлі Мұңайтпасұлы еді. Сейдәлұлы Төлеген де 1937 жылғы қанды қырғынның құрбаны болған. Ал Ғани Сейдәліұлы – әйгілі Сәбира Майқанованың зайыбы. Сейдәлінің бөркіндей бөрік киіп, астындағы атының ажары асып түскен жолаушы болсын, ауыл ағайыны болсын атынан аударып алып, «Сен Сейдәлі болам деп пе ең?» деп жаяу жіберетін.

Ауыл үстінен есегі ақырған жолаушы да жазасыз қалмайтын. Тіпті Гержоттың қапас түрмесінде атылар сәтін күтіп жатқанда Сейдәлі Лапиннің орнына «мен атылайын» деп шыққан ауылдас жамағайынын қағып жіберіп, «Сен Сейдәлі болам деп пе ең?» деп кеудесін оққа төсеген өр тұлғалар жайлы бұл өлкеде аңызға бергісіз әңгімелер әлі де айтылады. Сол Сейдәлінің қыстауы жанынан Мұңайтпас пен оның ұрпақтарының мәңгілік мекені, әулет қорымының орналасуы да осы әулеттің шаңырағын сақтап, атамекенінде қоныс тебуі де тегін емес. Ағайынның ұйытқысы, шаруаның иесі бола білген жан ғана өлі-тірісін бір жерге топтастыра білсе керек-ті.

Әлиакбар Мұңайтпасұлы – Перовскідегі училищеден білім алған сауатты азаматтардың бірі. Царской болысында тілмаш болып қызмет еткен Әлиакбар екі ағасы бірдей атылған соң қызылдардан көңілі қалды. 1920 жылы Перовск қаласының екінші бөлімше милиция бастығы қызметінен өз еркімен кетеді. Әлиакбарқызы Әсия Баповқа тұрмысқа шығып, бұл отбасылық одақтан қазақтан шыққан тұңғыш балет бишісі Рамазан Бапов дүниеге келеді.

Мұңайтпасұлы Жағыппар (1890-1927) – әуелі Перовскідегі үш кластық училищені бітірген Қызылордада алғаш ашылған театрдың аяғынан нық тұрып кетуіне көп көмек қолын созған, зиялы жанның бірі. Серке Қожамқұлов, Міржақып Дулатовпен сыйласқан, жақсы қарым-қатынаста болған мәдениетті, озық ойлы азамат. Оның жары Қадиша – гимназия бітірген «Колизей» театрында өнер көрсеткен мәдениет қайраткерлерінің бірі. Бұл отбасынан өрбіген Махила мен Әлима да қазақ қоғамында өз орындары бар тарихи тұлғалар. Қазір тоқсан алты жастағы Әлима – академик Иса Қыпшақбаевтың жары. Олардан тараған – Темір, Анелия, Аделия атты ұрпақтары, Серәлі атты немерелері бар.

Мұңайтпастың үлкен қызы Ләтипа Қожықова-Лапина (1892-1960) – «Хан мектебінің» алғашқы шәкірттерінің бірі. Осы мектептің алғашқы ұстазы, Алаш қайраткерлерінің бірі Қоңырқожа Қожықовтың жары. Қазақ театр, кино декоратор-суретшісі, КСРО суретшілер одағының мүшесі. Өткен ғасырдың басында қазақтың алғашқы театр қойылымдарының декорациясынан бастап, АҚШ президенті Ф.Рузвельтке қазақ қолөнер туындыларын сыйға тартқан қазақы ою-өрнекпен әрленген төл туындыларды жасаушы хас шебер. Қазақтың атын әлемге танытқан «Қыз Жібек» фильмінің режиссері Сұлтанахмет Қожықов, бейнелеу өнерінің шеберлері Қожахмет, Құлахмет, Нұрахметтердің анасы.

Мұңайтпасқызы Гүләндам (1894-1981) – «Хан мектебінен» білім алған, санаулы қыздардың бірі. Қоғам қайраткері Сұлтанбек Қожановпен отау құрып, одан Нұрлан, Арыстан, Зиба, Файзулла атты ұрпақ өсіріп, халық жауының жары ретінде АЛЖИР-дің ащы дәмін 8 жыл татып, сексен жеті жыл ғұмыр кешкен қайсар жан.

Әбдірахман Лапин (1901-1963) – Ташкентте, кейін Германияда тері, жүн өңдеудің сарапшысы болған жоғары білімі бар, еңбек жолын Мәскеуден бастаған сирек мамандық иесі. «Шетел тыңшысы» деген жаламен «Бутырка» түрмесіне қамалып, кейін Воронежге жер аударылып, азап көргендердің бірі. Алматыда Қаныш Сәтбаевпен бірге Алматыдағы Кеңсайға жерленген.

Әбдіхалық Мұңайтпасов 1906 жылы өмірге келген. 1944 жылы екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Пенза қаласында қаза тауып, Мироносицк зиратына жерленген боздақ.

«Тоғыз ұлым – бір төбе, Ертөстігім – бір төбе» демекші, енді сол тоғыздың бірі – Серәлі Мұңайтпас Лапин жайлы аз-кем әңгіме етелік.

Серәлі 1868 жылы Перовск уезі, Кеңтүп болысының 4-ші ауылында дүниеге келген. Ауыл молдасынан білім алған зерек бала білімін көтеру үшін үнемі талаптанды. Ташкенттегі мұғалімдер семинариясын, 1891 жылы Санкт-Петербург университетінің заң факультетін бітірген соң Самарқан әскери губернаторының аудармашысы болып қызмет атқарады.

1901 жылдан 1917 жылға дейін Самарқан, Сырдария облыстарында адвокат болды. Осы жұмыстарды атқара жүріп Серәлі Мұңайтпасұлы еліміздің тарихында алдымен шығыстанушы, одан ағартушы және қоғам қайраткері ретіндегі өзіндік елеулі орны бар тұлға болып қалыптасты.

Лапин араб, парсы және т.б. шығыс тілдерін білген. Ол зайырлы шығыстанушы ғылымында тұңғыш рет Гур-Эмир, Регистан, Шаһи-Зинда кешендеріндегі, Көкілташ медресесі және т.б. көне архитектуралық ескерткіштертегі арабтың көне сюльси және зюльфи емлелерімен өрнектелген көркем жазуларды (эпиграфикаларды) оқыды, оларды орысшаға аударып, ғылыми айналымға қосты. Жәдігерліктердің тұрғызылған уақытын, оларды салдырған сәулетшілердің есімдерін (мысалы, Регистан ансамбліндегі Шер-Дор, Тилля-Кари медреселерін әйгілі қазақ қайраткері және жауынгері Жалаңтөс батырдың салдырғанын) анықтады. Серәлі Мұңайтпасұлы, сондай-ақ «Шаһнама», «Туһрат әл-Хани» дастандарының парсы тіліндегі қолжазбаларын тауып, ғылыми айналымға қосты.

Ал оның 1895 жылы Самарқанда жарық көрген «Самарқан қаласының тарихи ескерткіштеріндегі жазулардың аудармасы» және «Орыс-өзбек қалта сөздігі Түркістан өлкесіндегі отырықшы туземдіктермен күнделікті тұрмыстық әңгімеге арналған 4000 сөз, өзбек тілінің қысқаша грамматикасы қоса тіркелген» деп аталатын кітапшалары Ресей шығыстану ғылымына қосылған елеулі үлес болып саналады.

Екінші Мемлекеттік Думаның мүшесі Бақытжан Қаратаевпен бірге 1908 жылғы сәуірде мұсылмандардың діни істері мен діни мекемелері туралы және 1908 жылғы маусымда қазақтарды жерге орналастыру жөніндегі заң жобаларын дайындады.

Лапин Түркістан генерал-губернаторының рұқсатымен, қазақ арасында сауда-экономикалық серіктестік құрды. Ол 1910 жылы ашылып, түрлі кедергілерге байланысты қанат жая алмай, 1913 жылы жұмысын тоқтатты. 1912 жылы Санкт-Петербург оқу орындарында білім алып жатқан түркістандық студенттерге көмек көрсету қоғамының жұмысына қатысты. Қоғамның жиналысына 1913 жылы Түкістан халық-ағарту ісінің жай-күйі туралы баяндама жасады. Санкт-Петербургтегі құрылысы Романовтар үйінің патшалық құруының 300 жылдығына аяқталған мұсылман мешітін салу ісіне атсалысты.

1917 жылы 26 қарашада Қоқан қаласына өлкелік төртінші төтенше мұсылмандар съезі өз жұмысын бастады. Сол съезге 250-ден астам делегат қатысты. Съезд үш күн жұмыс істеп, Түркістан өлкесі халықтарының өзін-өзі билей ықыласынан туған Түркістан автономиясын жариялады.

Сонымен, Түркістанда қос билік орнап, оның алғашқысы кеңестік негізде құрылып, ең алдымен, ресейлік қоныс аударушылардың мүддесін көздеп, солардың жағдайын нығайта түсуге қызмет ететіндіктерін білдірсе, соңғысы отарлық езгіге қарсы, діни және ұлттық қоғамдарды негізге ала құрылып, жергілікті халықтың өзін-өзі басқару құқығын баянды ету мақсаты екендігін жариялады. С.Лапин өлкеде большевиктер үкіметі мен ұлттық Түркістан автономиясының қатар өмір сүруі қантөгіске әкеліп соқтыратындығын жақсы түсінді. Соған орай осы екі биліктің өзара ымыраға келуін жақтады. Осы мақсатта С.Лапин 1918 жылы 10 қаңтарда Ташкентте мұсылмандар митингісін ұйымдастырып, өлкелік Халық комиссарлар кеңесі мен Түркістан автономиясы арасындағы текетірестен тек қарапайым халық зардап шегеді деп мәлімдеп, бұл екі билік өкілдерін бірлесіп, халықты өкімет құруға шақырды.

Алайда, өлкелік Халық комиссарлар кеңесі С.Лапиннің ұсыныстарына құлақ аспай, өлкеде большевиктік биліктің ғана салтанат құруын жақтап шықты. Соның нәтижесінде қару күшімен Түркістан автономиясын таратып, Қоқан қаласын қанға бояды. Кеңес өкіметі әскерлерінің қанды қырғыны нәтижесінде Қоқан қаласының төрттен үш бөлігі қиратылды, сан мыңдаған адам өлді.

1918 жылы шілдеде С.Лапин Түркістан лагерьлеріндегі соғыс тұтқындары мәселесімен шұғылданып жүрген Германия комиссиясы өкілімен байланыс орнатып, Германияға келген соң 1918 жылы 25 қыркүйек күні Германия Бас штабының өкілі, лейтенант Эльснермен жолықты. Оны Қазан төңкерісінен кейін Түркістанда қалыптасқан саяси ахуалмен таныстырып, Түркістан халқына большевиктер үстемдігіне қарсы күресуде Германияның көмек көрсетуін сұрады.

Әскери экспедицияны ұйымдастыруда С.Лапиннің ұсынуынша Каспий теңізінен өткен әскер екіге жарылып, Ашхабад пен Бұқараны бетке алып, екіншісі Перовск пен Ташкент бағытында жылжып, ол топтар өз жолында жергілікті халық өкілдерімен толыға түсуі тиіс болды. Жоспарға сәйкес бұл екі топ Самарқан қаласы маңында тоғысатын болып белгіленді. Алайда, Германия үшін 1918 жылдың соңына қарай жағдай барынша ауырлай түсіп, үкіметтің С.Лапин ұсынысына назар аударуына мұршасы болмады. Оның үстіне С.Лапин осы жылдың 17 желтоқсанында сырқатқа шалдығып, ауруханада жатты. Араға бір айдай уақыт салып 1919 жылы Самарқанда белгісіз себептермен қаза тауып, Самарқандағы әулиелер мекені – Шаһи-Зиндаға жерленді. Смольныйдағы текті қыздар институтының түлегі Серәліқызы Рабиға Санжар Асфандияровпен отау құрады. Одан тараған Әлия, Аделяттан тараған ұрпақтар берісі Ташкентте, әрісі Израильде ғұмыр кешуде.

Еліміз тәуелсіздік алған соң Қызылордадағы №261 орта мектепке, Алматының «Қалқаман-2» ықшам ауданындағы бір көшеге Серәлі Лапин аты берілген.

Серәлі Лапин өмір жолындағы саяси қайраткерлік жұмысы Кеңес өкіметіне қарсы бағытталғандықтан, кеңестік жүйе оның қызметіне өз дәрежесінде бағасын бермеді.

**Жұмабай БАЙЗАҚҰЛЫ,**
**Қазақстан Журналистер одағы мүшесі**


## Хабарландыру

“Қазгермұнай” бірлескен кәсіпорны” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2022 жылғы 26 қыркүйекте ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізуді жоспарлап отыр: “Қазгермұнай” БК” ЖШС бойынша ҰСО жобасы, “Қазгермұнай” БК” ЖШС бойынша ҚҚС жобасы, қалдықтарды басқару бағдарламасы (АБЖ), табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары (ППМ), “Қазгермұнай” БК” ЖШС өндірістік экологиялық бағдарламасы жұмыстар, ұңғымалар құрылысының жобалары, ҚМЖ кезеңіне арналған жобалар, қоршаған ортаны қорғау бөлімі (ҚОҚБ), мекен-жайы: Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Тереңөзек кенті, Қонаев көшесі 12 а, Атамекен ғимараты. Уақыты: 12 сағат 00 мин.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар келесі сілтеме бойынша онлайн-режимде өткізіледі:

ZOOM конференциясына қосылу: https://us04web.zoom.us/j/5280664063?pwd=97LiPRtHE17HxL-3VxEITLH5qHfMZvZ.1

Конференция идентификаторы: 528 066 4063

Кіру коды: 1234

Межеленген қызмет бастамашысының деректемелері және байланыс деректері: “Қазгермұнай” БК” ЖШС. Қазақстан Республикасы, 120014, Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, Амангелді көшесі, 100.

Тел.: 8(724) 260-01-04; 8-777-610-77-88. Байланысушы тұлға: Тлеубаев Мурат Икрашевич.

Ескертулер мен ұсыныстар қабылданатын тапсырыс берушінің интернет-ресурсының немесе электрондық поштасының мекен-жайы: mtleubayev@kgm.kz

Құжаттаманы әзірлеуші: “TITECO” ҒЗИ, 010000 ҚР, Нұр-Сұлтан қ., Есіл ауданы, Сығанақ қ-сі, 29. Кеңсе 333. Тел.: 8(7172) 67-72-11, info@titeco.kz. байланыс тұлғасы: Мухамеджанова Алия Жанабаевна.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады: https://ecoportal.kz/Public/PubHearings/Edit/8989

Жобаларға қатысты қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады: mtleubayev@kgm.kz, тел.: 8(724) 260-01-04; 8-777-610-77-88.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде бірыңғай экологиялық порталда, сондай-ақ “Қызылорда облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы” ММ мына мекен-жай бойынша қабылданады: 120003, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, № 1. Тел.: +7 (7242)-60-53-62.

## Хабарландыру

ҚР ЭГТРМ орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті “Қызылорда облысының Қазалы орман мен жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің аумағында 33,5 га алаңда суару жобасын қоса алғанда, орман питомнигінің ұйымдастыру – шаруашылық жоспары” жұмыс жобасын әзірлейді. Жұмыс “ВБ-ГЭФ-7 Қазақстандағы ландшафттарды қалпына келтіру жобасы” шеңберінде жүргізілуде.

Жобалаушы “Kazakhstan Ecology Development” ЖШС болып табылады.

Қоғамдық тыңдауды өткізу күні 2022 жылғы 27 тамыздан 2022 жылғы 6 қыркүйекке дейін.

Жоба бойынша материалдарды “Экологиялық ақпарат мониторингінің бірыңғай порталынан” көруге болады.

Бастамашының реквизиттері: РММ ҚР ЭГТРМ орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті, Нұр-Сұлтан қ., Мәңгілік ел даңғылы, 8. БСН 141040020807.

Тел.: 8 (717) 274 07 10.

**Көзделіп отырған қызмет туралы қосымша ақпаратты 8 (727) 278 01 79 телефоны арқылы алуға болады, e-mail: ked-com@mail.ru**

## Хабарландыру

Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 10.08.2022 ж. №53-нк бұйрығымен “Бастау-S” ЖШС-ның жылжымалы құрамның өтуі үшін кірме жолдары беру қызметіне 2022 жылдың 1 қыркүйектен бастап 31 желтоқсан аралығына 1 вагон/км ҚҚС-сыз 161,04 теңге мөлшерінде өтемдік тарифтер бекітілгендігін хабарлаймыз.

«Сыр бойы»,
«Кызылординские вести»,
«Ақмешіт апталығы»,
«Ақмешіт жастары»
және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе:
**70-00-52** телефоны арқылы байланысуға болады.
**E-mail: smjarnama@mail.ru**

# ШАҒАНДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚ ТАРТУЫ

**Спорт күні қарсаңында Сырдария ауданына қарасты Шаған ауылының «Шаған Жер» серіктестігі директоры Женісбек Сыздықов балаларға тарту жасады. Құны 10 миллион теңгені құрайтын спорт алаңында енді шағандық балғындар жаттығу жасап, футбол және баскетболмен шұғылданатын болады.**

Жаңа спорт алаңының ашылу салтанатына аудан әкімі М.Ергешбаев қатысып, балғындарды құттықтады.

– Ел келешегі – өскелең ұрпақ. Сондықтан біз олардың талап-тілегімен санасып, сұранысын қанағаттандыруға тиіспіз.

Мемлекет басшысы да балалар ойнайтын, спортпен шұғылданатын алаңдарды көптеп салуымыз қажеттігін айтып келеді.

Міне, бүгінгі шағын спорт алаңы «Шаған Жер» серіктестігінің балаларға арнаған үлкен тартуы деп білемін. Осы жерден болашақ спортшылар мен ел абыройын асқақтататын дарабоздар шығады деп сенемін. Себебі балаға құйылған инвестиция – ел болашағының жарқын кепілі. Бүгінгі күнді мерекеге ұластырып, жан-жақты қолдау көрсетіп жатқан шаруашылық басшысы мен серіктестік ұжымына шынайы алғысымды білдіремін,– деді аудан әкімі.

Сонымен қатар «Amanat» партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы Еркебұлан Жақып сөз сөйлеп, елге қамқор болған азаматтарға ризашылығын білдірді. Ал аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы М.Келдібаев бата беріп, ақ тілегін арнады.

Іс-шара соңында аудан басшысы №6 егін бригадасындағы мақсары жинау науқанын көріп, еңбеккерлермен тілдесті.

Еске сала кетейік, «Шаған Жер» ЖШС – 300-ге жуық тұрғынды тұрақты жұмыспен қамтып отырған аудандағы іргелі шаруашылық. Дала еңбеккерлері биыл 2900 гектар алқапқа Сыр маржанын егіп, одан мол өнім алуға ниетті.

**«СБ» ақпарат**

Балалар жылы 2022

# АҚСАҚ КҮШІК

Калифорния штатының орталық көшесінде дүкен көп. Бір күні көшенің аяқ жағында орналасқан дүкен иесі есігіне «Күшіктер сатылады» деген жазуы бар тақтайша іліп қойды. Ересектер мән бермегенімен, мұндай хабарландырулар балаларды қызықтырары сөзсіз. Расында, көп ұзамай мұнда кішкентай балалар жинала бастады.

– Күшіктеріңізді неге сатып жатсыз? – деп сұрады біреуі. Сатушы баланың сөзін дұрыстап тыңдамастан:

– Күшіктің құны – 30 бен 50 доллардың арасында, – деді. Бала қалтасына қолын салып, азын-аулақ ақша шығарып:

– Менде бар болғаны 2 доллар, 37 цент қана. Тым болмаса, күшікке қарасам бола ма? – деді көңілі түсіп.

Сатушы күлімсіреді де, ит жатқан күркеге қарап бір ысқырды. Осы кезде «Леди» деп аталатын ит жанына жетіп келді. Ал оның артында бес кішкентай күшігі еріп келе жатты. Бірақ бір күшік ағайындылардан айтарлықтай артта қалды. Бала сол артта қалған ақсақ күшікті қолына алып, сұраққа көшті:

– Мына күшікке не болған?

Дүкен иесі күшікті мал дәрігеріне көрсеткенін және тексеріс барысында жамбас буынынан ақау табылғанын айтты. Ол үнемі ақсап, баяу жүреді. Бала қуанып:

– Мен бұл күшікті сатып алғым келеді, – деді ойланбастан.

Дүкен иесі кемшілігін айтып тұрса да ақсақ күшікті таңдаған балаға таңырқап:

– Егер сіз осы күшікті алғыңыз келсе, оны тегін алыңыз, – деп еді. Бала ашуланған кейіпте дүкен иесінің көзіне қарап:

– Оны маған тегін бергеніңізді қаламаймын. Басқалары қанша тұрса, бұл күшік те сонша тұрады. Өзгелерімен бірдей. Мен сізге толық құнын төлеймін. Дәлірек айтсам, қазір қолымда барын беремін. Ал қалғанын төлеп біткенше айына 50 центтен беріп тұрамын.

Дүкен иесі қарсы жауап беріп:

– Рас айтам, саған бұл күшікті сатып алудың қажеті жоқ. Ол ешқашан жүгіре алмайды, секіре алмайды және сенімен ойнай алмайды. Бұл күшік – ақсақ.

Осы кезде бала еңкейді де шалбарының балағын қайырып, темірге бекітілген сол жақ аяғын көрсетті. Сосын дүкен иесіне қарады да:

– Амал не, мына күшік екеуміздің ортақ тұсымыз көп екен, – деді әлдебір күрсініспен.

# СЫЙЛЫҚ

Бұл оқиға оңтүстіктегі ойшұңқырлы даламен сырғып бара жатқан ескі автобуста болған. Алдыңғы жақтағы орындыққа қолына әдемі гүл шоқтарын ұстаған бір қария отырды. Ал оған қарама-қарсы жүзіне жарты әлемнің сұлулығы сыйған жас қыз жайғасты. Айналдырған бірнеше минутта әлгі жас арудың көзі шоқ гүлге бірнеше рет түсті. Бірақ автобустағы үнсіздік сол қалпы қалған еді.

Біршама уақыттан соң қарт межелі жеріне жетіп, түсуге ыңғайланды. Ол осы кезде гүл шоғын қыздың тізесіне қойып:

– Сізге гүлдер ұнайтынын көзіңізден байқап тұрмын, – деп бастады сөзін. – Мен оларды саған берсем, әйелім бұл ісіме қарсы болмайды деп ойлаймын, – деді тағы.

Қыз гүлді алып, алғысын айтты. Содан соң өзі отырған беттегі терезеден қарияның автобустан түсіп, шағын зираттың қақпасына кіріп бара жатқанын көрді.

**Дэн КЛАРК**
**Chicken Soup for the Soul («Жан дертіне арналған тауық сорпасы» ) кітабынан аударған Ақтілек БІТІМБАЙ, «Сыр бойы»**

# Асқақ сезімді арқау еткен

**Ақын, ұстаз, Әлем халықтары және Түркі әлемі Жазушылар одағының мүшесі Ардақты Қамақтың «Шағала – шабыт, теңіз – жыр» атты шығармашылық кешінде «Қос қарлығаш» атты жыр жинағының тұсауы кесілді.**

Sb **Ғазиза ӘБІЛДА, «Сыр бойы»**

Жаңақорған аудандық мәдениет үйінде ұйымдастырылған жыр кешіне ақынның ұстаздық қызметіндегі әріптестері, поэзия әлеміндегі қаламдастары, жалпы өлеңге құштар оқырмандар қатысты. Кеш барысында ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы бейнебаян көрермен назарына ұсынылды. Адами асқақ сезімді арқау еткен өлең-жырлары оқылды.

Ақынды аудан әкімінің орынбасары Дархан Тұрсынбаев құттықтап, талант иесінің шығармашылығына және ұстаздық жолындағы абыройлы еңбегіне ыстық ықыласын білдіріп, аудан әкімінің алғыс хаты мен гүл шоқтарын табыстады.

Енді бір сәт ақын Ардақты Қамақтың сөзіне жазылған «Сыр сағлақтары» термесі, К.Әшірбаевтың «Сырлы сезім», «Немерем», Ә.Тойлыбайдың «Кей досым бар», Ж.Бекшораеваның «Іздедім сені» әндері орындалып, көптің қошеметіне бөленді. Ал «Шағала – шабыт, теңіз – жыр» өлеңін автор Ардақты Қамақ және ақын Сайлаухан Жоланов тебіреніспен оқып, тыңдаушы қауымға тамаша көңіл-күй сыйлады.

Айта кетейік, жаңа кітаптың «Қос қарлығаш» аталуының себебі, мұнда ағайынды ақын қыздар Ардақты және Ләйла Қамақтың жырлары жинақталған. Жаңа туындының тұсауын Түркі әлемі Жазушылар одағының президенті, қоғам қайраткері, ақын-жазушы Баян Тіленшина мен ақын-жазушы Бекшүкір Дүйсенұлы кесіп, кеш иесіне ізгі тілектерін арнады. Сондай-ақ, Алматы қаласынан келген дәулескер күйші Аршын Кәсімбайұлы «Қос қарлығаш» атты күйін тыңдарманға ұсынды.

Осылайша қарт Қаратаудың етегін жырмен көмкерген керемет рухани жиын өтті. Алыс-жақыннан келген жырсүйер қауым кеш иесіне құрметін білдіріп, ұйымдастырушыларға алғысын жеткізді.

# Жасанды сұлулық жан азабына айналмасын

**Көрікті болып көрінудің жолында адам неге бармайды десеңізші?! Уақытты алдамақшы болып, уыс-уыс ақша шашып, тәуекелдің түр-түріне барып жүргенде, жұрт алдына шыға алмай қалғандары қаншама? Әдемі боламын деп ажал құшқандары да аз емес. Бірақ соған қарамастан пластикалық хирургия үлкен индустрияға айналуда.**

Sb **Аружан ЕРАЛЫ, «Сыр бойы»**

Бүгінде нәзікжандылар сұлулық салонын қойып, пластикалық отаға көшті. Бірі керемет келбетін сақтап қалу үшін түрлі дәрі-дәрмекке тәуелді болса, енді бірі сұлулықтың кілтін хирургтің скальпелінен іздейді. Пластикалық ота біреуге жарасын жазып жаңа өмір сыйласа, келесінің жанын жаралап, жапа шектіреді.

Қазір пластикалық операциялар көбіне мұрын, жақ, кеуде, бет пішініне бағытталған. Олардың бірқатары тәндегі туабітті немесе кейіннен ағзада пайда болған түрлі кемшіліктерді жоюды көздесе, бірқатары тек қана әдемі көрініу мақсатында жасалады. Бұл ретте мамандар есік жағалап, екпе салдырмай табиғи күтімді күшейтуге кеңес береді.

Елімізде ең көп таралған пластикалық ота түрі – блефаропластика. Әлеуметтік желіні ашсақ, аталған отаға қатысты ақпараттан көз сүрінеді. Ол – жоғары және төменгі қабақтың астындағы артық майдан арылу үшін жасалады. Ақпарат көздеріне сүйенсек, мамандар көбіне бұл ота түріне 30 жасқа дейінгі әйел азаматтарының жүгінетінін және сол үшін миллиондаған қаржы жұмсайтынын алға тартты.

Блефаропластика ауызекі тілде «еуропалық қабаққа ұмтылыс» деген мағынаны береді. Ота кезінде қабақтағы салбыраған артық тері мен май қабаты алынады. Қабақтың үстіне қатпар салынады. Ол қатпарды ғылым тілінде эпикантус деп атайды. Эпикантусты тілген шақта көздің ішкі жағы ашылатындықтан, көздің арасында жақындық пайда болады. Егер барлық нұсқама ескерілсе отадан соң ешбір қиындық туындамайды. Бұл процедурадан кейін қатаң түрде бір апта моншаға баруға, спортпен айналысуға және ауыр физикалық жаттығулар жасауға болмайды. Сондай-ақ, бұл процедураны жүрекқан тамыр аурулары, демікпе, қант диабеті бар жандарға және жүкті әйелдерге қолдануға қатаң түрде тыйым салынады.

«Отаның зияны бар ма?» деген сұраққа косметолог Лаура Жақсыбай көру қабілетіне ешқандай кері әсері болмайтынын айтты. Алайда тері астындағы гематома, көздің жасаурай беруі, конъюктивит, эктропин және диплопия сынды асқынуларға алып келуі мүмкін. Сол себепті алдын ала дәрігермен кеңесу қажет. Егер отаға дейін күмәнді жағдай туса, мамандар оны жасатпауға кеңес беруі тиіс. Бұрынғы қабақты қайта қалыпқа келтіру мүмкін емес. Сондықтан жаңа көздің иесі болу үшін оған психологиялық тұрғыда дайын болған жөн. Еуропалық көзқарас табиғи болмысты түбегейлі өзгерте алмайды. Отадан кейін бірден өзгеріс болады деп сеніп кетуге де болмайды. Жеңіл ота түрі болғанымен, ағзаның қалыпты қызметіне пышақ араласқандықтан, иммундық жүйе сыртқы ортаға ағзаны қайта бейімдеуге кіріседі. Мамандар мұндай сәтте адамға психикалық тұрғыда қобалжуға болмайтынын ескертеді.

– Бүгінде жастар бұл отаны әдемілік үшін жасатады. Қазіргі үрдіс пен тәжірибе қазақ қыздарының еуропалықтарға еліктейтінін көрсетеді. Бізге жас қыздар шетелдік жұлдыздардың неше түрлі суреттерін алып келеді, яғни, еуропалық қабақ, бақырайған көз, жабысқан жақ, томпақ, дүрдиген ерін, сопақ бетті арулар. Мұндай жағдайда біз тұтынушыларға аса қажет болмаса, табиғи келбеттен бас тартпауға кеңес береміз. Кейбір жастар бұған мән бермей өз дегенін жасайды. Әрине, жарасымды болса, әдемі болып жүргенге не жетсін?! Тек нәзікжандыларға айтарым қазір екінің бірі жасай беретіндіктен, өз ісін білетін маманға бару керек, – дейді Лаура Жақсыбай.

Қала тұрғыны Ақмаржан Дәрібаева – арнайы мамандардың көмегіне жүгініп, жасанды қабақ жасатқандардың бірі. Бастапқы кезде қорыққанын жасырмаған ол қазір барлығы жақсы дейді.

– Мен блефаропластикалық отаны қолданғаныма өкінбеймін. Менің қабағым туа бітті жоқ болатын. Бірге жүретін құрбыларыма қызығатын едім. Қабағы бар қыздар түрлі косметикалық бояуларды қолдана алады. Ал мен секілді арулар өкінішке орай таңдап қана пайдаланады. Сол себепті мен де көзімнің әдемі болғанын қаладым. Иә, бұл процедураны көбісі зиян деп ойлайды. Бірақ білікті мамандардан кеңес алып, барлығы өз орнымен жасалса, ешқандай да қауіп болмайды, – дейді ол.

Дәрігерлер ота кезінде бет мүшелерін пышақпен кесіп-пішеді. Олар үлкен тәуекелге бара отырып, нәтиже үшін ешқандай кепілдік бере алмайды. Ал табиғаттың бір-бірімен мінсіз жалғасып тұрған тіндері мен жасушаларын, көзге көрінбес қан тамырлары мен жүйке талшықтарын қию – денсаулыққа зиянын тигізбей қоймайды. Жасанды сұлулық жарға жықпасын деп дабыл қағып жүргенде табиғат берген шынайы бейнеміздің айырылып қалмасқа кім кепіл? Адамына қарай заманы деп еліктеушіліктен көз ашпай қаншама мардымсыз дүниенің құрбаны болып жатқан арулар көбейіп барады. Иә, әйел адамның сұлулыққа құштар болуында тұрған ешнәрсе жоқ. Десе де, жасандылықтың жан азабына айналмауына әркім өзінше мән беру керек.

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
**Аманжол ОҢҒАРБАЕВ**
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп,
«ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы
«Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша
8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 24643 | Тапсырыс №1382 | Кезекші редактор Айсәуле ҚАРАПАЕВА